Тағдырлы арулардың тамаша мүмкіндігі
2-бет

Ілағамның Балқантауы
5-бет

Көкпар тартып, балуаны белдесіп...
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **14 НАУРЫЗ**, 2024 ЖЫЛ **№30 (23 352)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Амал келді, Жыл келді!

«Көктемнің алғашқы лебін ала келетін бұл күнді жұртшылық ежелден асыға күткен. Елдік пен ынтымаққа шақыратын осы мейрам – ұлтымыздың бауырмалдық салтының жарқын көрінісі. Жыл берекелі болсын, ағайын!» деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ақжарма ізгі лебізі қарақан жұрттың жүрегін гүлдетті. Бүгін тұтас Қазақстан Көрісу күнін атап өтуде. Осынау игі күнді «Амал мерекесі» деп те нысыпылайды.

Коллажды жасаған М.Әйнекова

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күні жас болса, үлкенге сәлем беріп, ақ батасын алады. Құшағын айқара ашқан ақеділ ағайын бір-біріне ақжарма тілегін арнап «Жаңа жас құтты болсын!», «Бір жасың мың болғай!», «Ғұмырың ұзақ болсын!» деп үр жаңа жылдың басын сүйіншілейді. Мұндағы «Бір жасыңмен!» деп тілек тілеу ата-бабаларымыздың әр адамның Туған күнін жеке-жеке тойламайтындығының астарлы дәйегіндей. Бұл арада «туған күн тойламау қажет!» деген ниет әсте қылаңытпайды. Тек, пейілі періштедей жұрттың аз-кем әбігерге түспеуін меңзегендей. Жаңа жылда бір жас қосылатыны анық. Сондықтан, осы күні ғана адамдар бір-біріне «Жасың құтты болсын!» деп тілек тілейтіні содан болса керек-ті.

Мереке күні Алаш баласы барынша ерте оянып, туған-туысын, дос-жаранын аралайды. Осындайда хәкім Абайдың «Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып. Шаруа қуған жастардың мойны босап, сыбырласып, сырласып, мауқын басып» дейтіні Көрісу күнінің мән-мағынасын одан бетер аша түсетіндей. Аңдап қарасаңыз, алты ай қыстан бауыры бүтін шыққан елдің жер аяғы кеңи түсісімен ат пен атанға тақым артып, ауыл-ауылды аралап, амандық сұрауы. Иә, бұл дәстүрден қала жұртшылығы да қағаберіс қалмайды. Шаһарға шабыт арқалап кеткен жандар көбіне ғылым-білім іздеп кетеді. Иә болмаса, елдің тұтқасын ұстайды. Мұндайда есімізге ағартушы, ұлт ұстазы Ыбырай атамыздың «Ұмытпа, ең кемінде жұлдыз сайын, хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін!» деген өсиетін берік ұстанады. Қолындағы «түріккұлағына» үңіліп, экрандағы елмен хат-хабар алмасады. Түрлі қоғамдық, мәдени шараларға етек-жеңін түріп, салым қосады.

Әсілінде, 14 санының қабырғалы қазақ дүниетанымында өзіндік сырлы орны бар. Мәселенки, әр айдың 14-де аспандағы ай толысатынын қаракөздеріміз ұмыта қойған жоқ. Ықылым дәуірлерден бізге жеткен ауызекі күн санауында да жыл басы осы күннен есептеледі. Бұл дерек Шығыстың мәшһүр шайырларының еңбектерінде кезігеді. Бәрін айт та бірін айт, атам қазақ «Он төртінде толған айдай» деп қыз баласын мәпелеп, әлпештеуі де осы қасиетті ұғымға келіп саярлықтай.

14 наурызды «Көрісу күні» деп емес, «Көрісу айты» деген дұрысырақ дейді кейбір этнолог мамандар. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жазбаларында ертеде «14 наурыз, ескіше 1 наурыз көктемнің бірінші күні деп қазақ «Наурыздама» тойлайтын еді. Ол 8, 9 күнге созылатын еді» деген құнтты мәлімет бар. Өзге амалдар тойланбаса да, осы күн тойланып, ол салт-дәстүрге айналып, Ұлыстың ұлы мерекесіне ұласқан. 14 наурыз күні Ай мен Үркердің қиылыса өтуін қазақ халқы «Тоғыс» деп атаған. Тоғыс осы 14-15 наурызға сәйкес келеді екен. Халық осы уақытты қыс жұлдызы бітіп, жаз жұлдызы туды деп есептеген. Шығыс елдеріндегі күн (шәмси) күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы хамал (амал) айының 1 жұлдызы болып есептеледі. Хамал – Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады. «Наурыз» сөзі парсының «жаңа күн» дегенінен шыққан. Ертеде біздің қазақ бұл күнді «наурыз» демей «амал» деген. Бұл қазіргі күнтізбе бойынша 14 наурызға сәйкес келеді.

Пәруана тірлікте пенде деген атты арқалаған соң-ақ өмірдің керуен көшінде әлдекіммен жүз шайысып, яки, арамызды салқындатып алып жататынымыз да жасырын емес. Ешкім мұндайда ежелгі ерегесін, көне кегін қоздырып, ақы алмайды. Былтырғының өкпе-өкінішін, ендігі жылға арқалап апармайды. «Амал күні қазағым көріседі, көрісу бұл көненің жемісі еді» деген мәйекті мәтел осыны айшықтайды.

Қош. Татулықтан биік тау, мейірімнен терең қайнар, ізеттен асқан ізгілік жоғын қаймана ел осылайша дәріптеп келді. Амал мерекесі немесе көрісу – ағайын-туыс татулығы, ел бірлігінің бір көрінісі іспетті.

Жүрегіне жүк түскеннің кеудесі жеңілдеп, ажары кіретін ақсамал Амал күні құтты болсын, қадірменді Оқырман!

Наурыз

Ұлыс күнін ұлықтайтын он күн

Алдымызда – Ұлыстың ұлы күні! Мереке 14 наурыздан 23 наурызға дейін жалғасады. Осыған орай облыс аумағында 10 күн бойы бірқатар мерекелік шара жоспарланып отыр.

14 наурыз – «Көрісу күні – Амал мерекесі»

«Наурыз – асыл айым!» концерттік бағдарламасы Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында өтеді. Бұл шарада қазақ киіз үйінің инсталляциясы қойылады және «Наурыз – халық тойы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылады. «Наурыз – асыл айым!», ұлттық ойындар, «Жас өлкетанушы» үйірмесінің отырысы, «Тау Тұлға – Тәшенов!» және тағы да басқа тағылымға толы шаралар жоспарланған. Басталуы – сағат 11:00-де.

Ж.Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Көрісу күні – Амал мерекесі» өтеді. Сонымен қатар, Наурыз мейрамының тұжырымы насихатталатын «Қош келдің, әз-Наурыз!» әдеби дастарханы жайылады. Басталуы – сағат 12:00-де.

15 наурыз – «Қайырымдылық күні»

Пришахтинскідегі №1 қарттар үйінде «Мейіріміңді сыйла» атты қайырымдылық көшпелі акциясы өтеді. Басталуы – сағат 10:00-де. Ал, «Таңшолпан» балалар үйіне «Қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдары» атты музей қорынан көшпелі көрмесі қойылады. Басталуы – сағат 11:00-де.

16 наурыз – «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні»

«Сарыжайлау» кинотеатрында «Қазақфильмнің» алтын қорынан таңдаулы фильмдер көрсетіледі. Бір күнге екі сеанс жоспарланған. Біріншісі – сағат 10:00-де, екіншісі – 23:00-де.

17 наурыз – «Шаңырақ» (отбасылық құндылықтар күні)

Облыстық Сәкен театрында «Армысың, әз-Наурыз!» атты облыстық ақындар айтысы өтеді. Басталуы – сағат 12:00-де.

18 наурыз – «Ұлттық киім күні»

Сағат 16:00-де Кеншілер мәдениет сарайында «NAURYZ-FASHION» этно-заманауи киімдер фестивалі өтеді.

19 наурыз – «Жаңару күні»

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Ата салтын ардақтайық» тарихи-этнографиялық мерекесі өтеді.

20 наурыз – «Ұлттық спорт күні»

Алтын арба сауда үйінде Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің өнерпаздары «Шуақты Наурыз» атты концерттік бағдарламасын ұйымдастырады.

22 наурыз – «Жыл басы» (бұқаралық мерекелер, көктемгі күн мен түннің теңелу күні)

Қарағандының орталық саябағындағы сахнада сағат 12:00-де «Құс қанатындағы Наурыз» театрландырылған қойылымы өтеді.

23 наурыз – «Тазару» (табиғат күні)

Ұлыстың ұлы күнінен орайластырылған шаралар «Тазалық эстафетасымен» түйінделмек. 10:00-ден жаппай сенбілік басталады.

«Абзал» сауда үйінде Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің өнерпаздары «Наурыз – думан» атты концерт өткізеді.

Облыс аумағында осы он күннің ішінде басқа да көптеген іс-шара өтеді.

Үнем мен үлгі

Энергия. Адамзат баласына жан мен тән саулығынан кейінгі орында тұрған мәні терең ұғым. Алдағы 6 жылда атамекенімізде баламалы энергетиканың үлесі 15 пайызға жедеғабыл болмақ. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекеттік органдар қателіктер мен олқылықтардан сабақ алмайды, соның кесірінен коммуналдық-энергетикалық сектор қазіргі мүшкіл халге жетіп отыр» деп мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаев салаға түбегейлі реформа қажеттігін алға тартып, жүйелі жұмыс керектігін атап өткен. Қарап отырсақ, кез келген дамыған мемлекет электр энергиясын үнемдеуге баса мән береді. Өйткені, бұл бағытта сауатты қадам жасай білген ел ғана ұшпаққа жетеді…

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байып

«Ғажап екен, енді қандай кеңес бере қояды екенсіз?» деуіңіз күмәнсіз мұндайда. Кеңес те, ұсыныс та жеткілікті. Тек, оны дер шағында қолданып, нәтиже шығарсақ, қанекей. Сөзіміз сөлекет шықпас үшін электр энергиясын үнемдеуде табысқа жеткен елдердің бірқатар өнікті ізденістеріне мән беріп көрсек дейміз.

Ә деген бетте біздің есімізге электр энергиясын үнемдеу әдістерін белсенді дамытқан Дания түседі. Бұл мемлекет энергияны үнемдеудің инновациялық тәсілдерімен танымал. Даниялық электр энергиясының көп бөлігі жел энергиясы сияқты жаңартылатын тың қайнар көздерден алынады. Мемлекеттік бағдарламалар үйлер мен кәсіпорындарда энергияны тиімді пайдалануды барынша белсенді ынталандырады. Одан кейінгі орынға біз Жапонияны жатқызар едік. Мұнда энергияны үнемдеудің қатаң мәдениеті бар. Әсіресе, 2011 жылы Фукусима апатынан кейін. Энергия тиімділігі бағдарламаларына энергия үнемдейтін жабдықты орнатуға арнаулы сүбелі субсидиялар және халық арасында тұрақты үгіт-насихат науқандары кіреді. Үшінші орында – Швеция. Бұл ел энергия тұтынуды оңтайландыру үшін байланыс және басқару технологиялары қолданылатын «Ақылды қала» тұжырымдамасын белсенді түрде енгізуде. Бұған «ақылды» жарықтандыру жүйелері, жылумен жабдықтауды басқару және нақты уақыттағы қуат тұтынуды бақылау қосалық. Ал, Германия өнеркәсіптегі, көліктегі және үй шаруашылығындағы энергетикалық тиімділікке ықтиятты назар аударады. Ол энергия шығыны мен көміртегі шығарындыларын азайту үшін күн батареялары мен оқшаулағыш материалдар сияқты жоғары тиімді технологияларды қолданады. Сайып келгенде, бұл дамыған елдер өнікті инновациялар мен стратегиялардың энергияны үнемдеуге әрі оны пайдалануды тұрақты және тиімді етуге көмектесетін айшықты мысалдары болып табылады.

Үлбір үмітті үздіктірер жоғарыдағы мәліметтер көңілімізге сәуле түсірері hақ. Бірақ, олар бұл кешенді түйткілді бір күнде шеше салмағаны да көрер көзге көрініп-ақ тұр. Ал, қаз тұрған қазақ елі ең алдымен бұл саладағы кем-кетігін сараптап алғаны оңды болатындай. Оқтын-оқтын озық ой мен теңдессіз технологияға желі тарту мәселені шетінен сетінетіп шеше бермек.

Ол үшін бұл салада жетістікке жеткен мемлекеттердің ұстанған қағидаттарын да қарастыра кеткенді қоса құп көрдік. Бұл принциптер әу баста көзге көрінбес жібек жіптей болуы ықтимал. Ал, сарабдал санаға бәрі ап-анық. Күнделікті өмірде дамыған елдердің тұрғындары бірнеше негізгі принциптерге сүйене отырып, электр энергиясын үнемдеудің әртүрлі әдістерін қолданады. Түсіндірелік.

4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 491.26 ●USD/KZT 449.30 ●RUB/KZT 4.93 ●CNY/KZT 62.61

Қазақстан Ұлттық Банкінің 13 наурыз, 2024 жылғы дерегі бойынша

● ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 30 ЖЫЛ

Тағдырлы аруларды тамаша мүмкіндігі

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толуына орай, облыстық мәслихат депутаттары «30 игі іс» науқаны аясында Қарағанды облысы және Ұлытау облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №32 (АК-159/9) әйелдерге арналған орташа қауіпсіздік мекемесіне арнайы барып, ондағы нәзік жандарды 8 наурыз әйелдердің халықаралық мерекесімен құттықтады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған мекеме облыс орталығынан 70 шақырымдық жердегі Көксу кентінде орналасқан. Әйелдер колониясы 600 адамдық. Қазіргі кезде 500 сотталушы жазасын өтеуде. Олардың ең көп саны Астана, Шымкент қалаларының, Түркістан, Жамбыл, Ақмола облыстарының тұрғындары.

Бір қуантарлығы, түзеу мекемесі әлемдік стандарттарға лайықталған. Қала ішіндегі қалашық типіндегі кешенде орта және кәсіптік білім беру ошақтары, кітапхана, тігін, кәдесый цехы, наубайхана, психология кабинеті бар. Өндірістік және тұрмыстық деп аталатын қос аумаққа бөлінген бұл жерде былайғы тіршілікке қажетті жағдайдың бәрі қарастырылған. Мұндай колония тұтас Қазақстан бойынша бесеу.

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы, депутат Қадиша Оспанова құттықтау сөзінде мұндағы аруларды барынша қысқа уақытта жарқын өмірге жолдама алуларына тілектестік білдіріп, мекеменің кітапхана қорына 100 жаңа кітап сыйға тартты.

– Өмірдің түрлі жағдайымен мұнда түскен жандар кітап оқып, көкірегін ағартса деген шынайы қамқор ниетпен келіп тұрмыз. Мекемені аралап жүріп, мұнда аруларымыздың мейлінше әлеуметтенуіне бар жағдайдың жасалғанын көзбен көріп тұрмыз. Әлбетте, түрлі деңгейдегі мінбеден әлі де талқылайтын мәселелер жетерлік. Біз салалық департамент басшылығымен бірлесіп, көкейкесті түйткілдерді оңтайлы шешу мақсатындағы қажетті құжаттарды заңнамалық негізде дұрыс шешілуі үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің тарапына жолдауға ықпал етеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», – деп, әр тұлға оқуға тиіс деп санайтын отыз таңдаулы кітаптың тізімін ұсынған болатын. Қазір осы бағытта маңызды бағдарламалар жасалуда. Біз де осы бастаманы қолға алып, кітап атты қымбат қазынамызбен табалдырық аттадық, – деп түйіндеді сөзін Қадиша Базарбайқызы.

Онан соң сөз тізгінін танымал әнші, облыстық мәслихат депутаты Меруеш Башай ханым алып, тебірене тілек қосты. Қазақтың қазмойын қасиетті домбырасымен Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» деген әнін тамылжыта орындады. Маңызды кездесу соңы түзеу мекемесінің өнерпаздары дайындаған мерекелік концертке ұласты.

– Нәзік жандардың жазасын мерзімінен бұрын өтеуіне терең мән береміз. Әлбетте, қыз-келіншектердің санасын ізгілік атаулыға бағыттау мақсатында йога, кинотерапия сынды сантүрлі практикалық тұрғыдағы ақылкеңес берумен айналысамыз. Бастысы, осы жерде-ақ әркім табыс таба алып, оны жақын-жуығына не болмаса, талап-арыз негізіндегі қажетті берешегін төлеп, бостандыққа шығу мүмкіндігі ұсынылған. Гуманистік идеяны ту еткен мекемеге әр уақытта түрлі сала өкілдері бас сұғып, колонияның күнделікті тыныс-тіршілігімен танысып жатады. Мәселен, жуық арада ашық есік күні өтпек, ол шарада жазасын өтеушілердің жақын-жуығы келіп қауышады, – дейді түзеу мекемесінің психологы Жаңағүл Бейсенбаева.

Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаменті бастығы, әділет полковнигі Бекболат Шәкіров депутаттар корпусының қылмыстық атқару жүйесіне мән беріп, қамқорлық танытқаны үшін риясыз алғысын жеткізді.

– Иә, біз қолымыздан келген жақсы істерден қалыс қалмаймыз. Әйелдерді әлем құттықтайтын осынау жарқын күнде аруларымызға ығілік қалаймыз! – деп түйіндеді сөзін Бекболат Еркебайұлы.

Суреттер ұйымдастырушылардан

● ӨЗЕКТІ

Қарғын суға қамданыс күшейді

Өзен-көлдерге, су қоймаларына жақын орналасқан ағайын әр жыл сайын қыстың соңы мен көктемнің басында тасқын су қай тұсымыздан тап береді деп мазасыз күй кешумен болады. Аймағымызда қарғын суға қамданыс ерте қолға алынды.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Былтыр күзде су тасқынына қауіп бар деген 20 елдімекенде 7 шақырымнан аса қорғаныш бөгеттері қойылып, өзен-сулардың 44 шақырымы санацияланды, 10 шақырымнан аса су бұру каналы жөнделді. Мұнымен қоса, автожолдардың 66 учаскесінде құбырлар саны артып, 54 су шаруашылығы нысаны жөндеуден өткен. Су басу қаупі бар деген 150 елдімекен ерекше бақылауда. Нақтылай түссек, Бұқар жырау (34), Қарқаралы (14), Шет (32), Абай (17), Ақтоғай (7), Нұра (21), Осакаров (18) ауданы мен автожол және теміржолдардың 109 учаскесі.

– Жалпы дайындық жұмыстары жыл сайын республикалық тасқын суларына қарсы Жол картасы мен облыстық инженерлік жұмыстар жоспарына сәйкес атқарылады. Жол картасы шеңберінде соңғы үш жылда 21 шара жүзеге асты. Оның ішінде, өзен арналарын санациялау, облыстық жолдарда көпірлерді жаңғырту бойынша ауқымды шаралар қолға алынды. Енді, қазіргі ахуалға келетін болсақ, облыс бойынша гидрометеорологиялық жағдай тұрақты, өзендер қысқы режимде. Ғарыштық мониторинг деректері бойынша, бүгінде облыс аумағының 95 пайызын қар басып жатыр. Қазгидрометтің хабарламасына сүйенсек, Нұра, Шерубай-Нұра және Тоқырау өзендерінің бассейндеріндегі ылғал қоры 30 пайыздан 49 пайызға дейін төмен, – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұрат Қатпанов.

Елдімекендерден қар шығарылып, арықтар мен су құбырлары тазалануда. Сонымен қатар, су ағысын тежемеуі үшін өзендердегі мұзды кесіп, бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері су өткізгіш құбырларды тазарту жұмыстарын 28 ақпаннан бастады. Бүгінгі уақытта шамамен құбырлардың 60 пайызы мен көпірлердің 80 пайызы тазартылды.

– Су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары жүргізілуде және ерекше бақылауда. Аудан-қала әкімдіктерімен бірлесіп, 3,9 млрд. теңге көлемінде материалдық-техникалық резерв дайындап қойдық. Су тасқыны кезеңінің қауіпсіз өтуі – бұл қалалар мен аудандар әкімдерінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың дербес жауапкершілігінде. Қазір қарды сыртқа шығару жұмыстарына баса назар аударып отырмыз, – дейді Мұрат Қасенұлы.

Суреттер ашық дереккөзден

7 мың үйге газ жетті

Қарағандыда жеке секторды газдандыру жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі таңда 7 018 үйге табиғи газ келіп тұр, қосылғандары – 2 319 үй. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте газдандыру, техникалық шарттарды алу рәсімі туралы айтылды.

– Газбен жабдықтау желілеріне екі аптада қосылуға болады. Техникалық шарттарды eGov.kz порталы немесе ktga.kz сайты арқылы онлайн, сондай-ақ, біздің филиалға келіп алуға болады. Техникалық шарттар тегін беріледі. Оны алу үшін жеке куәлік, тіркелген құқықтар туралы мәліметтер 2-форма, газдандыру объектісінің техникалық паспорты және жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар қажет, – деді «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Қарағанды өндірістік филиалының газдандыру бөлімінің басшысы Аманжол Мұхамет.

Техникалық шарттарды алғаннан кейін абоненттер газдандыру жобасын әзірлейтін және құбырлар мен жабдықтарды үйге тартатын компанияны табуы керек. Содан кейін «ҚазТрансГазАймақ» Қарағанды өндірістік филиалы оны газбен жабдықтау желілеріне қосады.

– Үйлерді газға қосу кезінде үйішілік газ жабдығына техникалық қызмет көрсету шартын жасасу міндетті. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кез келген сертификатталған компаниямен келісуге болады. Келісімшарт бір жылға жасалады. Осы уақыт ішінде жауапты компания тексеріп отырады, – деді спикер.

Табиғи газ қауіпсіз. Себебі, оны тартқан кезде дабыл жүйесі қоса орнатылады.

– Сигнализатор – жеке компонент. Газ кетсе, ол іске қосылып, газдың келуі тоқтайды. 100 пайыз қауіпсіз деуге болады, – деді ол.

Спикер филиалдың Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 29 мекенжайына көшкенін де атап өтті.

Газдандыру жұмыстары Теміртауда да жүріп жатыр. Табиғи газ

Президент тапсырмасын орындай отырып...

1 637 үйге тартылды, оның 931-і газбен жабдықтауға қосылғанын айта кету керек. Бүгінгі таңда Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті белгілегендей, газ тарифі – 37 теңге 43 тиын.

Қарағанды қаласы құрылыс бөлімі басшысы Мұрат Камалиевтің айтуынша, аймақта 2019 жылы бастау алған газдандыру жұмысы қаржыландыру жоспар бойынша жүргізілетін болса, 2030 жылы аяқталуы тиіс.

Өз тілшімізден

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Шаңырақтың шайқалмауын көздейді

Жазалауды емес, тәрбиелеп дұрыс жолға салуды көздейтін ювеналды соттың құзыреті кеңейді. Атап айтқанда, 27 наурыздан бала мүддесіне қатысты заңдардың жекелеген нормаларына өзгерістер енгізіліп, кейбір ережелері нақтыланды. Сәйкесінше, азаматтық істердің бірқатар санаттарын кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, яғни, ювеналды сот қарайды. Демек, ажырасу саны да азаяды деген болжам бар. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында белгілі болды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың кәмелетке толмағандар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Динара Мутубаеваның айтуынша, кәмелетке толмаған балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу, мүлікті бөлу, бөлек тұратын балалармен қарым-қатынас тәртібін айқындау да – енді ювеналды соттың құзыретінде. Одан бөлек, басқа адамдардан баланы заңсыз алып қоюды, ата-ана құқығын шектеуді жоюды, баланы асырап алуды жарамсыз деп тануды да дәл осы сот қарайды.

Коллажды жасаған А.Рахымжан

– Сонымен қатар, ювеналды сот алиментке қатысты істерді қарап, кәмелетке толмағандардың мұрагерлік құқығын қорғайды. Заңға енгізілген өзгеріс аясында Қазақстан Республикасына заңсыз әкелінген немесе заңсыз ұсталатын балаларды қайтару да аталған соттың міндетіне кірді, – дейді Динара Маратқызы.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ювеналды сот жазалауды көздемейді. Осы мақсатта өткен жылдың қыркүйегінде «Отбасы соты» пилоттық жобасы тәжірибесін ескере отырып, кеңес беру кабинеттері ашылған болатын. Аталған кабинеттерде түрлі жағдаймен сотқа жүгінген отбасылар уақыттарын да, ресурстарын да жоғалтпастан, жергілікті жерлерде бейіндік мамандардың көмегін тегін ала алады. Ал, енді ювеналды соттың құзыретінің кеңеюіне байланысты медиатордың, отбасылық психологтың, адвокаттың, әлеуметтанушының, наркологтың дағдарыс орталықтарының көмегіне сұраныс артқан.

Сот, өз кезегінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мамандармен бірлесіп сот ісін жүргізудің барлық кезеңдерінде отбасы институтын нығайтып, ажырасамыз деген ерлі-зайыптыларға психологиялық көмек көрсетіп, кеңес береді. Некені бұзуды емес, екі тарапты татуластыруды көздеп, ажырасуды азайтуға бағытталған шаралар қабылдайды.

– Ерлі-зайыптылардың ажырасуының нақты себептері анықталғаннан кейін ювеналды соттың отбасылық кабинеттерінде профилактикалық әңгімелер жүргізіліп, кеңес беріледі. Қажет болса, психолог көмек көрсетіп, отбасыға қолдау көрсетіледі. Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, биыл өткен жылмен салыстырғанда ажырасамын деп келген отбасылар арасында татуласқандар саны да артып келеді. Мәселен, биыл отбасылық даулардың 91 пайызы татуласумен аяқталды, – дейді Динара Мутубаева.

Сот төрағасы облыс орталығында биылғы жылдың 9 ақпанында «Қарағанды қаласының отбасын қолдау орталығы» да ашылғанын айтты брифинг барысында. Орталық облыстың кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотымен бірлесе отырып, отбасыларға түрлі көмектер көрсетеді. Яғни, отбасылық дауларды азайту, сондай-ақ, әлеуметтік мәселелер мен проблемаларды шешу бойынша құқықтық, ақпараттық, психологиялық көмек көрсетеді. Басты мақсат – сотқа жеткізбей, отбасын сақтап қалу.

Қолдау бар жерде самғау бар

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес өкілдерімен кездесуінде «Біз экономиканың өсімін кемінде 6-7 пайызға жеткізуіміз керек. Ол үшін бизнестің жеке бастамаларына барынша қолдау көрсету қажет. Осы бағытта біраз шаруа атқарылды. Дегенмен, кәсіпкерліктің даму қарқыны әлі де болса бәсең, өз әлеуетіне сай емес деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, бізге шын мәнінде сапалы серпіліс қажет. Ең алдымен, мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасы мүлде жаңа үлгіге көшуге тиіс» деген болатын. Ал, облысымызда кәсіпкерлік саласы жыл сайын қарқынды дамып келеді. Мәселен, аймағымызда 99 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі бар. Олардың барлығы өңір экономикасының дамуына және жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы кадр саясатын табысты іске асыруға үлес қосуда. Бұл тақырыпты өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында өткен брифингте облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов пен «Даму» қорының директоры Әсет Тілемісов айтып берді.

Инфографиканы жасаған А. Рахымжан


Реформа – өміршең өзгерістер

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде облыстық кәсіпкерлер палатасы 3 негізгі бағыт бойынша оператор болып табылады. Бұл – кәсіпкерлік қызметке сервистік қолдау көрсету. Екіншісі – кәсіпкерлер мен идеясы бар азаматтарға арналған ақпараттық-консультациялық қызметтер ұсыну. Үшіншісі – «Мен кәсіпкер» бағдарламасының әлеуетін арттыру.

– 2021-2025 жылдар аралығында жүзеге асатын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған ұлттық жобаның шеңберінде 2723 тұрғынға 9520 офлайн қызмет көрсетілді. Біз ақпараттық қолдауды айтып отырмыз. Бұл – былтырғы жылдың соңғы күндерінде жасалған қорытынды. Мәселен, «Кәсіпкер» жобасы аясында жалпы сомасы 0,3 млрд. теңгеге 9 жоба іске асырылды, 11 жұмыс орны құрылды. Олардың барлығы аудан орталықтары мен моноқалаларда іске асырылды. Ал, ұлттық жоба 4,5 млрд. теңгеге 912 жобаны іске асыруға мүмкіндік берді. Онда 1100-ден астам жұмыс орны ашылды, – деді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

Экономиканың барлық секторларында жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілеріне сервистік қолдау шеңберінде қызметтердің бірнеше түрі ұсынылыпы. Бухгалтерлік және салықтық есепті жүргізуге, сондай-ақ, статистикалық есепті жасауға байланысты және заң мәселелері мен конкурстық (тендерлік) рәсімдер жөніндегі қызметтер. Қаржыландыру және мемлекеттік қолдау шараларын алу мәселелерін қамтитын қызметтер де тізімде. Бизнес-жоспарды әзірлеуге қажеттілері де бар. Бұлардың барлығы Қарағанды облысының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында өтеусіз негізде көрсетіледі.

«Кәсіпкер» жобасы аясында жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгеге 32 жоба іске асырылып, 41 жұмыс орны құрылды. Ал, ұлттық жоба 2 млрд. теңгеге 415 жобаны іске асыруға мүмкіндік берген. Мұнда 487 жұмыс орны құрылыпты.

Ұлттық жоба аясында палата кәсіпкерліктің әлеуетін арттыру бағыты бойынша ақпараттандыру жұмыстарын қолға алған. Анығырақ айтсақ, шағын және орта бизнес өкілдерінің қарым-қабілетін, тәжірибесін дамыту үшін олар қосымша білім алады. Биыл төрт бағыт бекітілген. Мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және жиһаз өндірісі. Курстарда сарапшылар мен тәжірибелі мамандар өз білгендерімен бөліседі. Оқу аяқталғаннан кейін қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталады.

Курстарға өтініштерді қабылдау шаралары басталды. Өтінішті жұмыс күндері Тәттімбет көшесіндегі 709-шы үйге 09:00-ден 18:00-ге дейін тапсыра аласыз. Байланыс телефондары – 8-775-104-90-44 (Саят Мұхтаров), 8-771-271-33-66 (Жанар Киштаева). Сондай-ақ, 2022 жылдың наурыз айынан бастап Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы жанынан Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы ашылған еді. Мұнда кәсібін дөңгелеткен кәсіпкер әйелдер мен кәсіпкерлікті бастағысы келетіндер үшін жеті қызмет түрі көрсетіледі. Орталық жұмысының нәтижесінде 26 әйел өз бизнесін ашып, 17 жұмыс орнын ашқан.

Облыста алғаш рет «Бір ауыл – бір өнім» жобасы сәтті іске асырылған. Оған 50-ге жуық жергілікті кәсіпкер қатысыпты. Жоба қорытындысы бойынша 3 үздік өндіруші анықталған.

Бизнестің құқықтары мен мүдделерін жан-жақты қорғау – облыстық кәсіпкерлер палатасының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Шағымды жан-жақты қарау және сындарлы ұсыныстар әзірлеу үшін кәсіпкерлік қызметтің әрбір саласында комитеттер, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылған. Келісімдер шеңберінде бизнес субъектілерінің проблемаларын шешу жөніндегі жол карталары прокуратура, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен және сотпен бірлесіп іске асырылады. Тексеруге мораторийдің аяқталуын ескере отырып, кәсіпкерлер уәкілетті және фискалдық органдар тарапынан алдағы тексерулер туралы түсініктемелер мен консультациялар алады. Кеңес отырыстарында проблемалық мәселелер пысықталады. Мобильді аударымдардың, декларациялаудың және тексерулердің өзекті мәселелері есепшілер клубының отырысында талқыланады екен. Негізгі мақсат – кәсіпкерлерге жаңа жағдайда қалай жұмыс істеу керектігін түсіндіру және заң бұзушылықтарды болдырмау.

Іс-шаралардың барлық анонстары «Instagram» және «Facebook» әлеуметтік желісіндегі палатаның парақшасына жарияланған.

«Даму» қорының директоры атқарған қызметтер жөнінде кеңінен тарқатты. 2023 жылы берілген қарыздың жалпы сомасы 42 741 млн. теңгеге жетіпті. 545 жоба субсидияланған. Кәсіпкер 220 әйелге 11 млрд. теңге сомасына, 32 млрд. теңге сомасына 325 ер кәсіпкерге қолдау көрсетілген.

Туризм тынысы кеңейеді

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның туризм саласындағы әлеуеті жоғары екенін атап өткен болатын. «Еліміздегі туризмнің әлеуеті зор, көрікті жерлеріміз өте көп. Бірақ, сол жерлерге барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейді. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет», – деген еді Президент сөйлеген сөзінде. Сонымен қатар, туризм саласына көбірек инвестиция тартуды тапсырды. Президент тапсырмасына сәйкес, бүгінде Балқаш қаласында туризмді дамыту бағытында жұмыстар жүзеге асырылуда. Шағын шаһарда туристер үшін 219 жайлы бөлмеге шақталған жеті жаңа демалыс аймағы салынады. Қалалық жағажайдың жағалау аймағын қайта жаңарту жалғасады. Бұл туралы Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда туристік әлеуетті дамыту – Балқаштағы негізгі бағыттардың бірі болып отыр. Қазақстанда көлемі бойынша көл жағалауының әсемдігі шетелдік теңіз пейзаждарынан кем түспейтін аймаққа кейінгі жылдары тамашалап келушілердің саны артқан. Балқаш ыстық құм мен зүмірет суды іздегендер арасында танымал екені анық. Және көл жағажай туризмін дамытуға ыңғайлы нысан ретінде республикалық туристік картаның үздік ондығына енген. Десек те, туристердің турбазалар мен жолдардың жағдайы туралы пікірінше, Балқашта демалу әлемдік стандарттарға сай болуы үшін көп жұмыс істеу керек. Қала басшысының мәліметінше, өткен жылы қала аумағына Ақтоғай ауданының бір бөлігі – Шұбартүбек және Торанғалық кенттері қосылған. Жалпы ауданы 8744 гектарды құрайды. Қолайлы инфрақұрылым құру үшін Торанғалық және Шұбартүбекте су құбыры желілері құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді. Жұмыстар республикалық бюджеттен қаржыландыру бөлінгеннен кейін басталады.

– Балқашта жыл бойы 393 бөлмесі бар 20 қонақ үй және 1412 нөмірлі 54 демалыс аймағы жұмыс істейді. Биыл жеке инвесторлардың қаражаты есебінен жеті демалыс аймағын пайдалануға беру жоспарланған. 219 бөлме немесе 476 төсек-орынға шақталған нысан қызмет ететін болады. Жағалауды ұтымды пайдалану үшін жер учаскелері тексеріліп, түгендеу жұмыстары жүргізілді. 120 гектар бос жер учаскелері анықталды. Биыл бұл учаскелер аукцион арқылы бөлінеді. Өткен жылы алғаш рет өткізген «БалқашTourfest» фестивалі де дәстүрге айналады, – дейді қала әкімі Сапар Сатаев.


Коллажды жасаған А.Рахымжан

Балқаш көлінің жағалауында орын тепкен бұл мысты қала көл жағасына инженерлік-коммуникация тартуға мемлекет тарапынан қаржы қарастырылған. Сумен және жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту – Балқаштағы тағы бір басым бағытқа ие болып отыр. Себебі, бүгінде қаланың кейбір учаскелерінде коммуналдық желілердің олардың сегізі ғана жұмыс істеуде. Биыл тағы 13 шақырым магистральдық желіні ауыстыруды жоспарлап отырмыз. Қаланы жылумен жабдықтау бойынша жылу электр орталықтарының қалаға дейінгі 4,5 шақырым магистральдық құбырларды ауыстыруды жоспарлап отырмыз. Тозуы 75-80 пайызға дейін жеткен. Бұл мәселені шешу үшін 124 шақырым су құбырларын ауыстыру қажет.

– Бізде Балқаштағы 2-3-ші кезектегі су құбыры желілері қайта жаңартылуда. «Қоңырат» шағын ауданында қазірдің өзінде жүз пайыз және қалада магистральдық желілердің 30 пайызы ауыстырылды. Жүргізілген жұмыстар электр энергиясын үнемдейді және ұңғымалардың жұмысын реттейді. Өткен жылы 14 ұңғыма жұмыс істеді. Қазір Қосымша 18 шақырымын ауыстыратын болсақ, жылыту маусымына дайындық жүйеленеді. Бұдан бөлек, ақаулы жерлерді анықтап, бақылауға аламыз, – деп атап өтті Сапар Сатаев.

Шаһар басшысының айтуынша, Балқашта биылғы жыл бірқатар құрылыс нысандарын салу жұмыстары қолға алынып, ғимараттарды уақытылы тапсыруды жолға қойған. Атап айтқанда, 900 орындық жайлы мектептің құрылысы жалғасуда. Осы жылы ангар үлгісіндегі спорт залы салынып, желкенді қайық спортты дамыту үшін екі үй-жай жабдықталып, жеті спорт алаңы қайта жаңартылуы тиіс. Мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүзеге асыру мақсатымен былтыр 13 385 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, жоспар 100,5 пайызды құраған. Биылғы жылғы жоспар бойынша 13 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілу жоспарлануда. Оның 12 мың шаршы метрі – 180 пәтер бюджет есебінен, 1500 шаршы метр – 40 пәтер жеке инвесторлар есебінен бой көтереді. Балқаштықтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатымен 2023 жылы 49 адам, оның ішінде 46 көпбалалы ана пәтер кілтеріне ие болды. Биыл 119 пәтер сатып алу жоспарлануда. Бүгінгі күні 44 пәтер сатып алынып, оның 19-ы мұқтаж жандарға тапсырылған. Сонымен қатар, 45 пәтер ипотекалық несие арқылы берілетін болады.

P.S *Баспасөз мәслихаты барысында қала әкімі Сапар Сатаев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері тарапынан қойылған көпбалалы аналардың мәселесі, қала тазалығы, үлескерлік құрылыс, қаңғыбас иттерге қатысты сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар, Балқаш қаласындағы экологиялық жағдайға байланысты қандай шаралар қабылданып жатқанын журналистер сұрап білді.*

• ГРАНТ

Қосымша қолдау көзі

Келесі айда Қарағанды қаласы әкімінің грантына конкурс басталады. Жас кәсіпкерлердің өз бизнесін дамытуға 1,5 млн. теңге алу мүмкіндігі бар. Конкурс бір ай бойы, 1-30 сәуір аралығында өтеді.

Конкурсқа 18 жастан 35 жасқа дейінгі бизнесін жаңа бастаған немесе жұмыс істеп тұрған жас кәсіпкерлер қатыса алады. Өткен жылы байқауға 75 өтінім түскен. Ол кезде шағын пішінді металл құю, дәнекерлеу цехы, пластикалық бұйымдарды термоформалау, нейротиптік балаларға арналған сенсорлық интеграция кабинеті, көпсалалы білім беру орталығы және басқа он жоба қолдау тапқан болатын. Грант ұтып, ісін ілгерілеткен кәсіпкерлер бұл мүмкіндікті жіберіп алмауға шақырады.

– 2022 жылы қала әкімі грантын жеңіп алдық. Бұл қаражатқа қосымша жабдықтар сатып алдық. Бұл өндірісті кеңейтуге, жаңа бағытқа көшуге, команданы ұлғайтуға және ең бастысы – өңіріміздің дамуына кезекті үлес қосуға мүмкіндік берді. Жаңадан ашсаңыз да, жүріп тұрған бизнес болса да конкурсқа қатыса беру керек, – дейді қолдау игілігін көрген Avishu тігін өндірісінің негізін қалаушы Виктория Пак.

Конкурс туралы толық ақпаратты Гоголь көшесі, 31, 204 кеңсе мекенжайында білуге болады.

Өз тілшіміздің

Үнем мен үлгі

(Соңы. Басы 1-бетте).


Сурет ашық дереккөзден

Қазық іспеттес қағидаттар

Энергияны үнемдейтін құрылғыларды пайдалану тұрғысында төмен қуатты шамдар (LED), энергияны үнемдейтін тұрмыстық техника (тоңазытқыштар, кір жуғыш машиналар, кондиционерлер) және ұйқы режимі бар компьютерлер мен мониторлар электр энергиясын тұтынуды едәуір азайтады. Сөйтіп, төтеннен келген тоқ қуатының рәсуасы ауыздықталады. Осы бір әдемі технологиялар қатары электр энергиясын тұтыну мәдениетін өсіріп, әдепке шақыратындай ғанибет күйге әсерлендіреді. Мұнан соң келіп, «ақылды» энергияны тұтынуды басқару үдерісі төбе көрсетеді. Бұл мәні жоғары қажеттіліктерге байланысты, энергияны тұтынуды оңтайландыруға және реттеуге көмектесетін бағдарламалық басқарылатын термостаттар, смарт есептегіштер сияқты автоматтандырылған басқару технологияларын пайдалануды қамтиды. Үйлерді оқшаулау қыста жылы, жазда салқын ұстауға көмектеседі. Есесіне бұндай жаңашылдық жылыту құрылғысы мен кондиционерді пайдалану қажеттілігін азайтады.

Ақпараттық насихат амалдарын арттыру жолымен энергияны үнемдеудің маңыздылығы және оған жету әдістері туралы түрлі наукандар мен білім беру бағдарламаларын жүргізу адамдарға күнделікті өмірде саналы шешім қабылдауға септеседі.

Энергия аудиті және энергия үнемдейтін жабдықты субсидиялау бағдарламалары: кейбір елдер үй иелері үшін тегін немесе субсидияланған энергия аудиттерін, сондай-ақ, күн батареялары немесе жылу сорғылары сияқты энергияны үнемдейтін технологияларды орнатуға субсидиялар ұсынады.

Реттеу шараларын енгізу: дамыған елдерде өндірушілер мен құрылысшыларды тиімдірек технологияларды қолдануға міндеттей отырып, әртүрлі жабдықтар мен ғимараттар үшін энергия тиімділігі жоғары стандарттар енгізілуі бек мүмкін.

Қоғамдық энергияны үнемдеу наукандары: энергияны үнемдеудің маңыздылығы және күнделікті өмірде жасалуы мүмкін нақты қадамдар туралы хабардар болуға бағытталған ақпараттық акциялар мен іс-шараларды ұдайы негізде жүйелі өткізу.

Бір ойды бір ой түртеді. Бір жоқты бір жоқ табады. Осындай шарафатты үнем үлгілерін күнделікті ғұмыр салтымызға енгізе отырып, өмір сапасын жақсарту ғасыр талабына айналып келетіндей. Айтқандайын, Швеция елінің тұрғындары lagom деген ұғымды қоғам тәртібіне мықтап енгізді қазір. Бұл ұғым «бәрі жеткілікті, артық нәрсенің керегі жоқ» деген ойға жетелейді. Ондағы адамдар өмір салтынан артық олпы-солпы шығып тұрған дүниені алып, яки, көзден таса қылуға тырысып тұрады. «Өзінде бармен көзге ұрып» тұрған нәрсені әсте жарата қоймасы анық енді.

Иә. Үнем мәселесіндегі ең ауыр жұмыс алдымен жақсылап ойланып алу болып тұрғандай. Мұрын ұшына кеп жеткен өзгеріс ешкімге ұнай қоймайды. Ұлы мұратты ту етіп, өркениеттің тал бесігіне айналу жолында осындай құндылықтар кешенін өндіріп, үлгі бола білу парасат майданындағы кезекті жеңісіміз болмақ.

Ендігі беталыс

Электр энергиясын үнемдеу жөніндегі нақты шаралар облыс көлемінде іске асырылатын нақты бастамалар мен бағдарламаларға байланысты кілт өзгеруі қәдік. Мұнда анық қолдануға болатын бірнеше типтік шаралар бар. Мәселен, энергия аудитінің бірегей бағдарламаларын алалық. Электр энергиясын үнемдеуге болатын аймақтарды анықтап, электр қуатын үнемдеу бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін әртүрлі кәсіпорындарда, мекемелерде және тұрғын үйлерде энергия тұтыну аудитін оңтайлы жүргізу мақсаты тұр.

Энергия үнемдейтін технологияларды пайдалануды ынталандыру. Жарықдиодты жарықтандыру, электр қуатын сақтайтын жылыту және ауаны баптау жүйелері сияқты үнем жабдығын орнату үшін субсидия немесе жеңілдікті несие беру стратегияларын қолдану.

Оқыту және білім беру секторында бұқара халыққа, кәсіпкерлер қауымдастығына электр энергиясын үнемдеу әдістері мен тиімді тәжірибелер туралы білім беру наукандары мен семинарлар өткізу.

«Ақылды» технологияларды енгізу. Нақты уақыт режимінде электр энергиясын тұтынуды оңтайландыру үшін қалалық инфрақұрылымда, үйлерде және кәсіпорындарда smart энергияны басқару жүйелерін қолдану.

Қажетті Заңнамалар мен нормативтерді әзірлеу. Ғимараттарды салу және реконструкциялау, сондай-ақ, жабдықтар мен өнеркәсіптік процестер үшін энергия тиімділігінің міндетті стандарттарын енгізу.

Бұл – Қарағанды облысында электр энергиясын үнемдеу үшін қабылдануы мүмкін шаралардың жалпы мысалдары ғана. Кешенді шаралардың бір парасы кезең-кезеңімен орындалып та жатыр. Тек, қарапайым жұртқа тәптіштеп жеткізу үдесі бар. Әлбетте, парасатқа жетелейтін позициядан бір қарыс шегінбеу – игіліктің бастауына айналса керек-ті.

Респондент лебізі

Қаржыгер Дәулет Махым электр энергиясын үнемдеу алдымен қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуда шешуші рөл атқаратындығына мән беріп өтті.

– Мұны неге ескермеске?! Біз электр энергиясын неғұрлым аз тұтынсақ, атмосфераға көміртегі мен басқа да зиянды заттардың шығарындылары азаяды. Баламалы электр энергиясын үнемдеу энергетикалық өнімге тәуелділікті азайтуға әрі тиісті қуат көзімен жабдықтау қайнарын әртараптандыруға көмектеседі. Тариф текетіресін де жуасытады. Бұл энергетикалық қауіпсіздікті де арттырып, энергиямен қамтамасыз ету дағдарыстарының қаупін азайтады, – деген уәж келтірді қаржыгер.

Сөзінше, электр энергиясын тұтынуды азайту ресурстарды үнемдеуге және энергиямен жабдықтау шығындарын азайтуға сөзсіз әкеледі. Бұл үй бюджеті үшін де, бизнес үшін де тиімді, экономикалық даму мен тұрақтылыққа ықпал етеді. Электр қуатын сауатты сақтай білу экономиканың түрлі салаларының энергетикалық тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Бұл инновациялар мен жаңа технологиялардың дамуын ынталандырады. Электр энергиясын үнемдеудің маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру экологиялық жауапты қоғамды қалыптастыруға және ресурстарды тұтынудың тұрақты тәжірибесін енгізуге игі ықпал етеді.

– Электр энергиясын тұтынуды азайту энергетикалық инфрақұрылымдағы жүктемені азайтуға және электр желісінің шамадан тыс жүктелуін болдырмауға көмектеседі, бұл оның әртүрлі күтпеген жағдайларға төзімділігін арттырады. Электр қуатын сақтау болашақ ұрпақ үшін тұрақты, тиімді және экологиялық таза әлем құруға бағытталған маңызды қадам болып табылады, – деп түйіндеді сөзін респондент.

Қоржынқағар

«Біз жер шарын бабаларымыздан мұраға емес, тек, керісінше, балаларымыздан қарызға алдық!». Көне үндіс мәтелі осылай дейді. Иә. Сөз соңында энергия игілігін үнемдеу ғаламшарымызға ғана емес, қалтамыздағы әмиянымызға да пайдалы екенін қаперге саламыз. Үнем мәселесі қазіргі ақзер әлемде маңыздылығы сағат сайын артып келе жатқан тұрақты даму стратегиясының негізгі құрамдас бөлігіне айналғалы қашан. Энергия айдынын тиесілі де тиімді қолдану қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға ғана емес, онымен бірге, энергетикалық қауіпсіздікті нығайтады, шығындарды азайтады және экономикалық өсуді ынталандырады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп жатқан реформалар энергетикалық тиімділікті жақсартуға, Қазақстанда электр энергиясын тұтынуды ұтымды жолдармен сауатты пайдалануға бағытталған. Бұл энергияны үнемдеудің жаңа стратегияларын әзірлеу мен іске асыруды, заманауи технологияларды енгізуді әрі энергетика саласындағы инновацияларды ынталандыруды қамтиды.

Президент не нәрсені болсын, үнемдеп үйрену және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекет, бизнес және қоғам арасындағы ынтымақтастыққа шақырады. Оның реформалары энергия тұтынудың төмендеуіне ықпал етіп қана қоймай, инновацияларға, экономиканың өсуіне және елдің экологиялық тұрақтылығын нығайтуға қолайлы жағдай жасайды.

Осылайша, электр энергиясын үнемдеу және Президент Тоқаевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан реформалар Қазақстан мен оның азаматтары үшін орнықты және гүлденген болашақты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Коллаж бен инфографиканы дайындаған ***автор***

DIGITAL KAZAKHSTAN

SECCA жобасында – тұрақты энергия

Қазақстанда энергияны шамадан тыс тұтыну мәселесі өткір тұрғаны жасырын емес. Бұл тұрғын үйлерге, мемлекеттік және коммерциялық ұйымдардың ғимараттарына, кәсіпорындарға да қатысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында энергия тиімділігі мәселесін көтерген.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үкімет Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамыту тұжырымдамасын бекіткен соң оны әзірлеуге Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы тұрақты энергетикалық байланыстар (SECCA) сарапшылар тобының жетекшісі Паата Жанелидзенің жобасы ұсынылды.

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – 2029 жылға қарай ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын 2021 жылғы деңгейден 10%-ға төмендету. Ол елдің экономикасына ЖІӨ-нің 1000 долларын өндіру үшін қанша энергия жұмсалатынын көрсетеді. Паата Жанелидзе жобасында өнеркәсіпте 2029 жылға қарай энергия сыйымдылығын 10%-ға, энергетика саласында 2029 жылға қарай энергия сыйымдылығын 5%-ға немесе ғимараттарда 2029 жылға қарай бір шаршы метрге энергия тұтынуды 10%-ға дейін төмендету көзделген.

– Орталық Азиядағы тұрақты энергетикалық байланыстар жобасының ұзақтығы төрт жыл. SECCA жобасының миссиясы – Еуропалық Одақтың озық тәжірибесіне сәйкес Орталық Азия аймағында анағұрлым тұрақты энергия қоспасын ілгерілету. Біз негізгі екі бағытта жұмыс істейміз. Жаңартылатын энергия көздерін дамыта отырып, энергия тиімділігін арттырамыз, – деді Паата Жанелидзе.

Сурет ашық дереккөзден

● ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Әлем қуат көзін іздейді

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Энергия жүйелері» кафедрасы Дүниежүзілік энергия тиімділігі күнін атап өтті. Мақсат – жастарды энергияны үнемді пайдалануға үйрету.

Қазіргі таңда елімізде электр станцияларының қуаттылығын арттырудан бөлек, энергияны үнемдеу шараларын енгізу арқылы энергия тұтынуды азайтуға көңіл бөлінген. Осы орайда біз баламалы энергия көздерін пайдалану жүйесін жақсырақ түсіну үшін кафедра жабдығын пайдалана отырып, шеберлік сынынын өткіземіз. Студенттер жаңартылатын энергия көздері ретінде «Күн коллекторын», күн және жел энергиясын зерттеуге арналған симулятор стендін пайдаланады.

Жалпы, энергияны тиімді пайдалану – ақша үнемдеудің, парниктік газдар шығарындыларын азайтудың, жұмыс орындарын құрудың ең үнемді тәсілі. Осы орайда «Энергия жүйелері» кафедрасының топ студенттерімен күнделікті қарапайым жағдайларда энергияны ұтымды пайдалану туралы интеллектуалды викторина да ұйымдастырамыз. Қазіргі таңда студенттермен бірлесе отырып, өндіргіш күштердің даму қарқыны және көмірсутек ресурстарын игеру кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені, энергияны көп қажет ететін және химиялық технологияларды кеңінен енгізу, жаңа химиялық өнімдерді өндіру, экологиялық бақылаудың жеткіліксіздігі салдарынан атмосфераға, адам өміріне зиянды заттардың шығарындылары ұлғаяды.

Сонымен қатар, елде мұнай, газ, көмір, шымтезек, ядролық отын қоры таусылуға таяу. Сол себепті бүгінде бүкіл өркениетті әлем өзінің энергетикалық және экологиялық проблемаларын шешудің жаңа жолдарын іздестіруде. Қазіргі таңда пайдалы қазбалар санының азаюымен адам энергия көздерінің басқа түрлеріне жүгінді. Адамзат баласы осылайша табиғи энергия көздеріне — күн, жел, жылуға назар аударды. Бүгінгі таңда жел энергиясы жеті қадаммен дамуда. Осындай ойларды студенттерге жеткізе отырып, топтық әрі практикалық жұмыс жүргізілді.



Студенттерге қазіргі заманғы энергетиканың міндеттері мен жел энергетикасының негізгі кемшіліктерін көрсете отырып, жел электр қондырғыларының артықшылықтары схемасын жасау ұсынылды.

Елена НЕШИНА,
Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Энергетика жүйелері» кафедрасының меңгерушісі
Сурет **автордан**

● ҰЛТ ПЕН РУХ

Ілағамның Балқантауы

(Эссе)

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Бірінші лирикалық шегініс. Балалар ақыны

Осыдан он жыл бұрын Қарағандыға Ілия Жақанов келді. Зәулім сарайда композитордың 70 жылдық мерейтойы өтіп жатқан. Ілағаның «Балқантаулары» бірінен соң бірі сахнада қанат қағып, арқаны шымырлатты! Кенет, елуден асып, алпысқа тұяқ іліктірген бәйбішелер шеруі басталып кетті. Баяғыда шеттерінен көз арбаған сұлу келіншек болғаны көрініп тұр... Қолдарында букет-букет гүлдер! Маэстро гүл көмбесінің астында қалды.

Концерттен соң Ілия ағамен оңаша қалған бір сәтте:

– Балқантауға бет алғанда жолыңыздағы Қарқаралыға қарайламай, үстінен қалай өте шықтыңыз? – деймін көкейде көптен бері мазалаған бір сауалды алдыға шығарып!

– Сенің Қарқаралыңның жігіттері жолымды бөгеп, мен соларға қарамай өте шыққан деп ойлап жүрсің бе? – деді сонда Ілағам сабырлы қалпымен мырс ете түсіп.

– Мені Балқантауға бауыр бастырған Кәрім ағаң ғой! Соның жебеуімен менің Арқадағы алтын бекетім Балқантау болған! Төрт әннен тұратын Балқантау циклінің тууына дәнекер болған, марқұм Кәрім ғой, – деп көзіне жас алып еді сонда.

Кәрім Сауғабай Балқантауын емірене, тебірене сүйген саусақпен санарлықтай абзал азамат болатын. Ол болмаса дүниеге Балқантау әндері келмес еді! Осындайда еске орыстың ұлы ойшылдарының бірі һәм бірегейі Нестеровтің суретші Васнецовтің қабірі басында сөйлеген сөзі түседі: «Егер Ресейде Павел Михайлович Третьяков болмаса, Суриков те, Васнецов та болмас еді!».

Третьяков галереясы дүниеге қалай келді? Елдің көбісі оның байыбына терең бойламай, суретшілердің салған суретін бай көпес сатып ала салды деп ойлайды. Мүлде, олай емес. Третьяков орыс суретшілерінің шедевр туындыларын жасауға өзі ұйытқы болып, сол шығармалар дүниеге келгенше тыныш ұйықтай алмаған көрінеді. Оның 1872 жылы Достоевскийге жазған хатына көз жүгіртіңіз: «Мархабатты Федор Михайлович!» деп жазады ол. «Мен орыс живописі атты портреттер коллекциясын жинағалы жатырмын. Менде қазірдің өзінде Карамзин, Жуковский, Лермонтов, Тургенев, Островский, т.б. ақын-жазушылардың суреттері бар. Енді Герцен, Щедрин, Некрасов, Белинскийлерге қолқа салғалы жүрмін. Сіздің портретіңізді салса (майлы бояумен) қалай болар еді? Сіздің жаныңызды қинамай, суретіңізді тез, әрі әдемі салатын суретшіні өзім таңдап алар едім...». Третьяков Тургеневтің портретін салуға Перовты таңдайды. Бірақ оның эскизі көпеске ұнамайды. Сосын Репинге қолқа салады. Оның салған суреті де ұнамайды. Сөйтіп жүргенде Тургенев қайтыс болады да, сурет салынбай қалады. Қаншама мазасыз күндер мен ұйқысыз түндер босқа кетті...

Кәрім Сауғабай да осы Третьяков сынды азамат болған, меніңше? Жақсыға жаны қалмайтын жан еді. Ілағасын туғанындай басына көтерген. Талай мәрте малын сойып, құрт-ірімшігін алдына тартып, Балқантаудың басына шығарып, құдайы қонақ қылған.

Менің Ақтоғайдан Қарқаралыға көшіп келген кезім. Кәкең – онда көршілес Егіндібұлақ ауданы газетінде редактор, аупарткомның бюро мүшесі. Қарқаралының бір топ атқамінерлері бір жерде Кәкеңмен табақтас болып, мен туралы оның пікірін білгісі келеді. «Ақтоғайда алпыс қап өсегім бар, қырық қабын қалдырғам Қарқаралыда» деп жүрген кезім, соңымнан өсек-қауесет қарша бұрқап тұрған. Сонда Кәкең: «Ол сендердің маңдайыңа сыйса жақсы ғой, Алты Алаштың маңдайына сыймайтын жігіт қой бұл!»,– деген екен.

Қазір Ілағама, маған да соның орны үңірейіп тұр...

– Балқантауда кім бар, ей?

– Сауғабайдың Кәрімі!

Саңқылдап тұр сай-сайында әлі үні;
Ғажап болды оның сонда жүргені,
Аз-ақ болды, бірақ, көрер жарығы.

Қала десе, алға жүрмей қадамы,
Аңсады да жүрді сайын даланы.
Еркектерден жақсы көрді әйелді,
Үлкендерден жақсы көрді баланы.

«Тентегім...» деп сүйінеді өр ұлға,
Күйінеді тұрса біреу жолымда.
Дәлдүңге – қор, дәлдүрішке –
«жыр» болып,
Қанша бала... қалды соның соңында.

Демі бітіп, тар кезеңнен өте алмай,
«Балам-ай!» деп жүруші еді Бөпем-ай!
«Құм – көп, гауһар – тапшы» деген,
Көкем-ай!
Жақсыны ылғи «Жақсы»
деген көкем-ай!

Үндіс құсап кезсе суық қаланы,
Көкірегін керінеуші еді дала әні.
...Соңғы кезде мен де барам
жақтырмай,
Сол Көкемді оқымайтын баланы...

Екінші лирикалық шегініс. Бағдат пен Балқантау

Балқантау десе, мамырлаған махаббат мекені елестейді көзіме. Ілағамды Балқантауға байлаған махаббаттың мұндағы талай хикаяларын мен де білем. Меніңше, бұл анау-мынау емес, махаббаттың тауы! Тек соны жырлаған Ілиясы біреу-ақ!

Кезінде осы таудың қасында, Қарқаралыда жүрсем де оған менің осы өмірде бір, екі-ақ мәрте жолым түскен екен. Баяғыда менің бір досым осы жердің бір қызына есінен тана тәнті болып еді. Мынау сол кезде жазылған өлең еді.

***

«Бір меңіңе Самарқан мен Бұқараны берер ем».

ХАФИЗ

Адамзат пен ғаламзаттың,
Неткен ғажап болмысы мен өрнегі,
Игізеді алтын басты төрдегі.
Хожа Хафиз бір меңіне сұлудың,
Самарқанды бере салған көрінеді,
Бұқараны бере салған көрінеді.

Сондай сұлу жаһан жатты алдымда,
Ғашық болсаң батыратын зар-мұңға,
Бір аруға бере салдым Бағдатты,
Балқантауға бардым да.

Ақсораңнан Балқантауға жол құлап,
Ол бір жұмбақ, гүл мен нұрға
толды бақ.
Бере салдым бір сұлуға Бағдатты,
Шаһар емес, досым еді ол бірақ.

Бағдатым маған қарап бөгелді,
Балқантауға байланады ол енді.
Әні-міне дегенімше болған жоқ,
Әлгі сұлу бас сап, ала жөнелді.

О, сұлулар,
Бәйек болып пәктігіңе сендердің,
Құдай куә, құрып бітпен шерлі ермін.
Хожа Хафиз Самарқан мен Бұқараны
берсе егер,
Мен сендерге Бағдатты бергенмін.

Үшінші лирикалық шегініс. Балқантаудың басында

Сөйтіп жүргенде осы Балқантауға тағы бір жол түсті. Арамызда адамзаттан асып туған бір ару бар. Небір ақын өлең арнаған оған. Талай ақынның Музасы болған сұлу әйел. Со кезде, жаңылмасам, қырықтың қырқасынан асқан. Сыры да кетпеген, сыны да кетпеген. Мынау Балқантауға сол соңғы мәрте жол түскенде жазылған өлең еді.

***

Барар жерің – Балқантау,
Ол да біздің барған тау...

Халық өлеңі

Төрт еркекпіз бір арудың қасында.
Балқып жүрміз Балқантаудың
басында.

Перизаттың көзі нұрға толады,
Он сегізден аспағандай ол әлі.
Ай келбетті әйел жүрсе қасында,
Мынау әлем – әлем-жәлем болады.

Алматыда болып тұрған дегені –
Шәйір ағам бәйгі атындай желеді.
– Махаббаттың құсы! Егер бар болсаң,
Келіп менің кеудеме қон!... Дегені...

Үндей алмай, кім дей алмай сасқанда,
Көкті көрдік көзімізді ашқанда:
Махаббаттың құсы құсап қалықтап,
Бір жұмбақ құс ұшып жүрді –
Аспанда!

Сол-ақ екен, сұлу әйел салды айтыс:
– Аспаныңа қолыңды жай, ал, байғұс!
Көрінгеннің кеудесіне қонатын,
Ол соншама, қандай құс?!

Сөйдеп еді әйел әсем рәнді,
Бүкіл еркек тығырыққа тірелді:
Шәйір ағам үндей алмай қалды да,
Балқантауым сақ-сақ күліп жіберді!

– Тәркі болып, тартсаң-дағы
жастай зар
Жүрсеңдерші арнадан аспай сәл:
Махаббаттың құсы келіп қонбаса
Көкірегіңді көк төбетке тастай сал!

Деген үнге жалт қарасам –
Нұрағам!*
Анау шәйір өртеніп тұр күнәдан.
Маған енді ақын болу шарт емес,
Бірақ бір сөз айту керек мынаған!

Бірақ, бір сөз айту керек!
Айқара –
Аспаныңды!
Балқантауды шайқа да!
Мен айтпасам, сен айтпасаң сол сөзді,
Кім айтады?
Мынау шәйір айта ма?!

Содан сөзге берген емен мен есе,
Елемесін, елім мейлі, елесе.
Бір жырымды ішіп алып жазғам жоқ,
Сүйіп жаздым!
Күйіп жаздым немесе!

...Шәйір ағам содан жөнді болмай жүр,
Дәмесі зор, туар емес сондай жыр.
Меніңше, оның көкірегіне көктен кеп,
Махаббаттың сол құсы әлі
қонбай жүр...

Қызық болып қырық жастан асқанда,
Көкті көрем көздерімді ашқанда:
Бір сұлу қыз бұлбұл ұшып көзімнен,
Бір сұлу құс әлі ұшып жүр – Аспанда...

**Нұрмахан Оразбек.1978 ж.*

Төртінші лирикалық шегініс. Айхой, Балқантау!

Ілия Жақанов – жиырма бірінші ғасырда қазақ ұлттық музыкасының інжу-маржандарын бір жүйеге түсірген ғұлама музыкант! Пассионер! Композитор! Жазушы! Суретші! Өмірлері тар жол, тайғақ кешуде өткен Кенжебек Күмісбеков, Мыңжасар Маңғытаев, Шәмші Қалдаяқов, Бекен Жамақаев, Әбілахат Еспаев, Нұрғиса Тілендиев, Садық Мұхамеджановтардың өмірге кеткен есесін көзі тірісінде қайтарған күрескер тұлға осы!

Өткен жылы Қарағандыға Ілағам келді. Ілағамның құрметіне жайылған мейрамханадағы дастарханда «Балқантау» әндері бірінен соң бірі тамылжып, бізді Едірейдің даласына өзімен бірге ала кетті! Кәрім Сауғабай ғана жоқ... Ілағам мұңды. Бір жаққа алаңдап отырғандай абыржулы. Нөкер боп тізілген Жаңаарқаның жігіттері ағаны алды-артына қаратпай алды да жөнелді! Мынау сол күні жазылған өлең. Кәрім Сауғабайдың аруағына. Автор.

Шер – көңіл,
Сендей тұлға керек екен елге бұл
Балқантауға бармай кетті Ілағам,
Ат шалдырмай кеттім оған мен де бір.

Оған қайта соғар ма екен ол енді,
Оған қайта соқпас па екен ол енді?!
Атыраудан кеше Арқаға келді де,
Жаңаарқаға құстай ұша жөнелді...

Сексен дейтін жасында,
Қаумалаған қалың нөкер қасында
Баурайында әнін шырқап, шіркін-ай,
Кім жүр екен Балқантаудың басында?

Ет-бауырым езіліп,
Қапияда Ілағаммен кезігіп;
...Мен отырмын әннен басқа, дүниеде,
Түктің мүлде қалмайтынын сезініп,
Айхой, Балқантау!

08.03.2024 ж.

● ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Өмір – бумеранг

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соғыста және аңшылықта қолданылатын «бумеранг» деген қару бар. Оны ешқандай нысанаға көздеп атпай аспанға лақтырсаңыз, әлгі өзіңізге қайтып келеді. Адам баласының ойлап тапқан кереметтерінің бірі бұл да. «Все сделанное человеком, ему же возвращается. Это – закон бумеранга» – деген даналық бар. Бұл бағзы заманнан дәлелденген заңдылықты ешкім жоққа шығармайтын шығар?! Сақал-шашын ақ басқан, өмір көрген ақсақалдар «Тіршілік атаулыны жаратқан құдіреті күшті Құдай тағала ештеңені де қапы жібермейді. Жақсылық та, жамандық та қайтарусыз қалмайды»,– дейді ғой. Өмір – бумеранг, немесе шеңбер. Өзіңнен кеткен нәрсе өзіңе келеді. Солай!

«Бумеранг» заңдылығы хақында айттық. Енді қарттар үйінде отырған қарияларды әңгімемізге қосайық. Сол қариялардың ғұмыр мәресі солай болғаны аянышты-ақ. Ата-анасын қарттар үйіне әкелген балаларды бәрі кінәлап жатады. «Ертең сен де қартаярсың. Сонда балаларың да осы істегеніңді алдыңа келтіреді» дейміз. Бәлкім, қарттар үйінде отырған қариялар да бір кездерде өз ата-анасын жылатып кеткен шығар? Бумеранг секілді «жасаған қиянаттары өз бастарына келді» деген фактіні ешкім айтқысы келмей ме? Құдай ештеңені назардан тыс қалдырмайды ғой. Қарттар да шеңбер өмірдің бір бөлігі. «Баяғыда пәленшенің көз жасына қалған, пәленшенің малын ұрлаған ол. Енді сол басына келді байғұстың» – деген әңгімелерді талай естігенмін. «Адам түгіл хайуанның да көз жасы жібермейді» деген тағы бар. Баласының бұлайша жаңылуы – заңдылық. Ол бар болғаны көргенін істеген шығар?! Оның үстіне «ген» деген дүниені қайда жібересіз? Адамның қасиеті белгілі бір мөлшерде баласына дариды.

Біздің ел жаратушыдан саналы ұрпақ сұрайды. Тілалғыш, мінезі көркем, еңбекқор және басқа да жақсы қасиеттерді бойына жиған перзент бәріне керек. Сол үшін де оны «тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай», «не жеймін?», «не ішемін?» дегізбеуге тырысады. Бүкіл сабырын оның тәрбиесіне арнайды. Бала өсіру – ағаш егіп, оны баптағанмен бірдей. Ол қисық болмауы үшін біраз төзім танытып, тер төгу керек. Иә, бұл айтып отырғаным әсте жаңалық емес. Бірақ, бала – өсіп келе жатқан терекке ұқсайтыны – шындық. Өкінішке қарай, жақсы бала әркімге бұйыра бермейді. Ғұмыр заңы солай. Перзенті өзі қалағандай азамат болмаса, кім кінәлі екен? Кінәліні анықтап алайықшы. Құдайдың маңдайға жазғаны сол ма, әлде адамның қателігі ме? Бірдеңені ескерген жөн: Құдай бізге тек дұрыс пен бұрысты ұсынады. Ал, таңдау да, іс-әрекет те өзімізден. Эрих Фромм деген ойшыл «Адам ата мен Хауа ана алманы жеп, жерге қуылғаннан бастап таңдау құқығына ие болды» дейді. Жаратушы ештеңеге де қарамай осындай бақытсыздықты еншімізге бере салатындай соншалықты озбыр және әділетсіз емес-ау?! Адам байғұс одан перзент сұрады, ол берді. Бергені үшін кінәлі ме? «Сана бермесең, ала бер»! Барып тұрған күпірлік қой бұл! Жаратушы ананың құрсағында жатқан пендеге жүрек, ми және басқа да тіршілікке қажетті мүшелерін түгел береді. Жаңа туған баланың жүрегі де, миы да бос болады. Сия тимеген ақ қағаз сияқты халде жатады. Сол ақ қағазға сия тигізетін, иман, еңбекқорлық секілді жақсы қасиеттерін қалыптастыратын әке-шешенің өзі. Миында ауытқуы бар баланы берген жағдайда ғана «Құдайдың ісіне не шара», деп қынжылуға хақымыз бар. Бұл – сынақ! Жаратушының сынағы мен өз күнәміз бен салғырттығымыздың салдарын шатастыруға болмайды-ау!

«Алма алма ағашынан ұзамайды», «Не ексең, соны орасың». Бұл екі нақыл сөз – жеткізгім келген ойды нақтылады деп ойлаймын. Өмір жүйесі солай құрылған. Ешқандай да сиқыр жоқ. «Сәбіздің дәнін егіп, қызанақ жинапты» дегенді естіген емеспіз. Бала да көрген тәрбиесіне сай азамат болады. Ата-ана – жайқалған ағаш, бала – сол ағаштан өнген алма. «Шешесін көріп, қызын ал», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейтініміз де бар еді ғой тағы. «Халық айтса, қалып айтпайды». Бұндайда біз тағы да «Шеше көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» дейміз. Болды. Артық ештеңе емес.

Барлық планеталар алып Күнді айналады. Күн де, Жер де, Ай да, бүкілі шеңбер пішіндес. Түгел ғалам шеңберге құрылған. Жаратқанның сызған сызығынан, жолынан шықпайды. Бұл – ақыр заманға дейін бұзылмайтын ұлы заң. Адамзат баласы да өзінің жасаған жақсы, жаман амалдарымен бірге бір сызықта айналып жүр. Шеңбер дүние!

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Ғалым мұрасын ұлықтады

Қарағандыдағы №95 мектеп-гимназиясының ұстаздары Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы тұлға – Қаныш Сәтбаевтың мерейтойына орай апталық өткізді.

Сәптық жиынмен ашылған шарада мектеп директоры А.Мяленко ұстаздар мен оқушыларды құттықтады. 2-4 сыныптар арасында сурет салудан «Қазыналы елім менің» балғын бояу конкурсы өтіп, балаларды өнер-білімге баулыды. 5-11 сыныптар «Ұлтымыздың кемеңгер перзенті Қаныш» атты шағын мәтіннен ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы бестік диктант жазды. Ал, 10 сынып оқушылары арасында «Қаныш Сәтбаев – ұлт мақтанышы» атты ғалымның еңбек жолы, оның маңызды еңбектеріне арнап дөңгелек үстел өткізді. Мектеп кітапханашысы Н.Марченко «Планетарлық деңгейдегі тұлға» атты академиктің еңбектерінен кітап көрмесін ұйымдастырды. «Сәтбаев планетасы» атты зияткерлік викторина сайысында оқушылар ғалым, академик жайлы әр түрлі қызықты сұрақтарға жауап берді. «Қаныш Сәтбаев – қазақтың ұлы ғалымы» атты мәнерлеп оқу сайысы қызықты өтті.

Тарих пәндері мұғалімдерінің жоғарғы сынып оқушыларымен бірге ғалымның еңбектеріне зерттеу жасай отырып өткізген «Қазақстан тарихы – Қаныш Сәтбаев зерттеулерінде» семинар тренингі экомұражайға саяхат жасаумен жалғасты.

Оқушылар апталықта Қазақстан ғылымына жан-тәнімен қызмет еткен тұлғаның еңбек жолымен танысты. Байлықтың қайнар көзін тауып, оны жүзеге асыру жолын ғылыми түрде анықтап, ұрпаққа аманат еткен ғалым мұрасын дәріптеді.

Жанар ЖҰМАТАЕВА,
№95 мектеп-гимназиясының мұғалімі

ҚАРАҒАНДЫ

Журналист Болатбек Қауысов – 50 жаста

Альтруист

Уақыт – жүйрік. Арман қуып Алматы келгеніміз, студенттік өмірдің қызығы мен шыжығын бастан кешкен шағымыз кеше ғана сияқты еді. Ару Алматы қазақтың байтақ жерінің түпкір-түпкірінен ағылған ұл-қыздардың ешқайсысын жатсынған, жатырқаған емес. Біз де солардың ішінде болдық, арман қаланың төрінде орналасқан ҚазМУ – әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті бес жыл оқыған алтын босағамызға, аяулы қарашаңырағымызға айналды.

1991 жылы оқуға түскен курстастардың дені бір-бірімізбен күзге салым «Алматы-Қостанай» пойызында таныстық. Солтүстіктегі облыстың картоп теріміне ҚазМУ сол кезде жыл сайын бір состав студент жібереді екен. Соның бір вагоны – журфактың студенттері. Қазақстанның басқа қиырындағы Қостанай облысының сол кездегі Комсомол ауданына қарасты Бөрілі ауылында жиырма шақты күн жұмыла еңбектеніп, курстастар аз ғана уақыт ішінде бір үйдің баласындай араласып кеттік. Әсіресе, әрі құрдас, әрі аттас Болатбек курстасыммен сол кезден-ақ тонның ішкі бауындай жақын араластық, жақсы араластық.

Журналистика факультетіне түсу үшін басқа құжаттарға қоса газетте бұрын жарияланған мақалаларыңды тапсыру қажет. Сонда осы Болатбектің тапсырған жарияланымдарынан мақала ғана емес, бірнеше әңгіме-новеллаларын да көріп ем. Оның үстіне ол қазақ тілі мен әдебиетінен Қызылорда, Арқалық қалаларында өткен олимпиадалардың жүлдегері екен.

ҚазМУ-дың әйгілі №5 жатақханасының бір бөлмесінде тұрдық. Бүтін дәнді бөліп жеген, жарты дәнді жарып жеген дос болдық. Күнделікті бір жерде, бір тірлікпен айналысқан жандардың сыры да бір, мұңы да бір. Әдебиетті айтып отырып әдемі қызға, әдемі қызды айтып отырып, әдебиетке ауып кете беретін жас кезіміз еді ғой. Айтып тауыса алмас қызықтарымыз көп. Тоқсаныншы жылдардағы өліара шақтың талай қиындығын көрсек те, «Көппен көрген – ұлы той», жас көңіліміз жабырқамай, келешекке зор сеніммен қарадық.

Алғашқы курстан бастап-ақ, академик Зейнолла Қабдолов сынды сөз зергері бастаған ғалымдардың ғақлиясын тыңдадық. Бөкеңнің қазақ әдебиетінен бөлек, әсіресе орыс пен шетел әдебиеті пәндеріне бейімдігін байқап жүретін едік. Екі курс қана жүрген сол пәндердің ұзағырақ болмағанына кәдімгідей өкініші болды. Өзі – Қарағанды облысындағы қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Егіндібұлақ өңірінің тумасы, Арғын ішінде Қаракесектің Шаншары. Ара-тұра шаншып сөйлейтіні, әзілге жақындығы қанында бар қасиет болса керек. Он екі жасынан Балқаш қаласында тұрған Дәмелі тәтесі мен Қайрош жездесінің тәрбиесін көрген. Қала тұрмысына баулып, азамат жасына жеткізген ол кісілерге деген ризашылығы ерекше. Сол уақытта Балқашта жалғыз қазақ мектебі болған №2 Абай атындағы орта мектептің мұғалімдерін, әсіресе қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берген ұстазы Гүлшара Дәрібекқызын сондай бір жылы сөздерімен есіне алып, ҚазМУ-дың журфагына баруға сол кісі кеңес беріп, жөн сілтегенін айтып отырар еді.

Біз мектеп бітірген 1991 жылы журналистика факультеті елімізде тек осы Қазақ ұлттық университетінде ғана бар еді. Арман-қиялын тікелей журналистикамен байланыстырғандар болмаса, басқа мамандықтар бойынша өз оқу орындары да жетіп-артылатын қарағандылықтар ҚазМУ-ға көп келе қоймайды...

Екінші курста журналистика факультетінің арнайы курстарына бөлгенде екеуміз де әйгілі сатирашы, қазақ фельетонының атасы Темірбек Қожакеев басшылық еткен мерзімді баспасөз кафедрасына бардық. Темкең ақсақалдан бастап, Үмбетбай Уайдин, Роза Алтынбекова, Дәмегүл Баялиева сынды білікті ұстаздардан дәріс алдық. Баспасөздің қыр-сырын, журналистика жанрларының ерекшеліктерін, тіл мен стильдің теориялық негіздерін осында оқып меңгердік.

Курсымыздың екі-үш жылды қызық-думанмен өткізген сері жігіттері жоғары курстарда салмақты азаматқа айналып, республикалық басылымдарға жұмысқа орналаса бастады. Солардың ішінде атыраулық Кенжебек Сейтмұхамбетов пен қарағандылық Болатбек Қауысов ҚР Жоғарғы Кеңесінің органы «Халық кеңесі» газетінде осы басылым саяси сылтаумен жабылғанша қызмет істеді. Екеуін қызметке «Халық кеңесі» газетінің бас редакторы Жұмабек Кенжалин өзінің бірінші орынбасары, әйдік қаламгер Жанболат Аупбаевтың ұсынысымен қабылдаған еді. Талапты жастар таңертең оқуына, түстен кейін жұмысына үлгеріп жүрді. Жарты ставкамен жұмыс істесе де, күндізгі бөлімнің студенті үшін ол дегеніңіз жап-жақсы табыс көзі әрі мол тәжірибе. Бес минутсыз журналистердің қалам қарымы сол кезден-ақ байқалды деуге болады. Газетте жарияланып жатқан мақалалары дәріс оқитын ұстаздарымыздың оң көзқарасына ықпал етпей қойған жоқ. Оқу бітірерде тапсырған мемлекеттік емтихандарымыздың комиссиясына қазақтың ұлы қаламгері Шерхан Мұртаза төрағалық етті. Сонда емтихан үстінде Темірбек ұстазымыз жауап беруге отырған Болатбекті Шер-ағаға: «Бұл біздің «Халық кеңесін» жауып келген жігіт», – деп таныстырып еді. Жанашыр ұстазымыздың сол бір ауыз сөзінен шәкіртіне деген жылылық та, бұдан бірдеңе шығады деген емеурін де сезіліп тұрды сонда.

Сөйтіп, бес жыл бес күндей болмай өте шығып еді. Өкініштісі, Болатбек досым оқуды бітірген соң Алматыда қалғысы келмеді. Өзінің Арқасына асықты. «Өндірістік тәжірибеден өткен кезімде-ақ шақырып еді», – деп облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне баратын болып шешті. Бірталай жыл сол басылымда, Қарағандының жергілікті телеарналарында қызмет жасады. Өзіміз де журналист болған соң білеміз, бұқаралық ақпарат құралдарының қайсысын да болсын жеңіл жұмыс жоқ. Шер-ағаң айтпақшы, «Журналистің арқалағаны – алтын, жегені – жантақ». Әр жылдары республикалық «Қазақ спорты» апталығында әдеби қызметкер, «Заң газетінің», Қазақ радиосының Қарағанды облысындағы тілшісі қызметін аз ғана уақыт атқарып, әлеуеті жеткілікті бола тұра олардан өз еркімен бас тартты. Қасында жүрмесем де, ішім сезеді, тағдыр-талайында журналистік жолы тақтайдай даңғыл емес, ойлы-қырлы болды. Жас кезінен аққөңіл, сенгіш, өзінен бұрын өзгенің тілеуін тілеп тұратын альтруист еді. Сөздің шыны, сол табиғаты өзінің мансап жолында көп кедергі болды ма деген ой да мазалайды. Десем де, ердің жасына енді келген Болатбек досым журналистикада әлі талай дүниенің басын қайыратыны сөзсіз. Журналист деген – өз заманының жылнамашысы ғой. Ол қай жерде отырып, қай өңірдің шежіресін қаттаса да, оның сөзі, пікірі мен пайымы тасқа басылып, тарихқа қызмет жасайды. Бірге оқыған курстастарымның дені осы күндері баспасөз бен баспа ісін, радио мен тележурналистиканы жалынан алған мықтылар, қағаз-қаламның құдіретін еліміздің түпкір-түпкірінде танытып жүрген сақа мамандар. Соның бәрі – біздің ортақ абыройымыз.

Қым-қуыт тіршілікте жақын адамдардың бір-бірін қолтықтан демеп, қолдау білдіріп жүргені дұрыс қой. Бірақ сол уақыт тауып, жылы сөз айта жүруді көп ретте естен шығарып аламыз. Қарағандыдағы құрдасым, курстасым, журналист Болатбек Әшімұлына осындайда игі тілек, ізгі ниетімді білдірейін деп аз ғана сөз арнадым. Елу деген белесің жаңа биіктерге жалғассын, жақсы досым!

Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
«Шалқар» радиосының директоры,
ҚР Мәдениет қайраткері,
ҚР Президенті сыйлығының иегері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты

Ағаң болса алдында...

Қарашаңырақ «Орталықтың» табалдырығын имене аттаған шағымыз еді. Болатбек Қауысов. Осындағы журналист аға-апалар осы бір есімді ерекше құрметпен атайды. Жазған дүниелерін аңыз ғып айтады. Бірақ, бізге ол қаламгермен бірге қызмет атқару, мектебінен өту бақыты бұйыра қоймапты.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түс ауа әкімдіктің кезекті бір іс-шарасынан келіп, соның барысынан ақпарат жазып отырғанмын. Есік қағып, бір кісі ішке кіруге мұрсат сұрады. Орнымнан тұрып амандасып, ілтипатымды көрсетіп жатырмын.

– Айналайын, Қасымханның ба? Атың дүр екен. Мен Болатбек Қауысов деген ағаң болам, – деп жөнін айтып, хал сұрасқан соң, екеуара бірқыдыру әңгіме шерттік. Әлгі есім-сойын ғана білетін қаламгер ағамен сонда жақын танысқанбыз.

Сол мезетте алақандай ақпаратымды да аяқтап қалған едім. Жазу үстінде отырған маған Бөкең: «Қане, бауырым, жазу мәнеріңді көрейінші. Мүмкін болса, редакциялайын», – деді. Мен қуана келістім. Жазғанымызды қып-қызыл қылып беретін редактордың орынбасарына бір мақалам болса да құйрық-жалы таралып баратын болды деп қоямын іштей. Шындығында солай болды да. Ағам жазғанымның үстінен қарап отырып, демнің арасында жып-жинақы дүние жасай қойды. Содан кейін сол кездегі бас редактордың орынбасары Ахат Құрмансейіт ағамызға алып барғанда, ол кісі де әлгі мақаламның үтір-нүктесіне де тиіспей, мағмұрлана қол қойып бергені есімде. Әйтпесе, ол кісінің алдына барған сайын түзетулері жаныма батып, журналистикаға келгенім бекер болды ма деген ойдың кимелейтіні бар еді.

Айтпақшы, Бөкеңнің жақында «Орталықта» жарияланған «Коньки»-ден құтылсақ қайтеді?..» деген мақаласын сол жолғы таныстықта алғаш оқыған едім. Қалтасындағы флеш-жадысын алып шықты да компьютерге қосты. Әр сөйлемін жіліктеп, жеткізіп отырды. Тіл тазалығы жөнінде біраз әңгіме айтты. Одан бері бірнеше жыл өтсе де, сол мақаладағы мемлекеттік тіл мәселесі әлі күнге көкейкесті. Сөйтіп, бір көргеннен бауырына тартып, жақсы сөзімен дем берген Болатбек ағаммен содан бері үзбей хабарласып отырамыз.

Өткен жылдары дін істері басқармасы журналистер арасында байқау жариялап, бір материалым бақ сынаған еді. Ол мақалам Сирия асқандарды «Жусан» операциясымен елге қайтарып, оларға көрсетілген мемлекет қамқорлығы жөнінде жазылған. Журналистер арасында «Тақырып – жарты мақала» деген сөз бар. Шынында да, мақаланың тақырыбы оқырманды тартпаса, мәтіндегі мықты сөйлемің де, жақсы ойың да зая кетуі мүмкін. Мен де ойдағы дүниемді қағазға түсіріп қойып, енді тақырыбын ойланып жүргем. Қағазға қанша нұсқасын түсірсем де, көңілімнен шықпады. Содан жұмыс күні аяқталып, үйге қайтып бара жатқанымда алдымнан Болатбек ағам жолыға кетті. Ойым әлі жаңағы мақалада келе жатқан басым бірден: «Мақалама ат қойып беріңіз, аға», – деп қолқа салдым. Мазмұнын сұрады да, көп ойланған жоқ. «Жусан»: оралу мен оңалу» деп қойсаң қайтеді?», – деп тақырыбымды тарс еткізді. «Мақаланды сәтті түйіндеу журналистикадағы шеберлігінді көрсетеді. Атамекенінен ажыраған адам басқасын қойып, өз жұртындағы жусанның да исін аңсайды. Мысырды билесе де, Қыпшақ даласының бір уыс топырағына зар болған Бейбарыс сұлтан есіңде ғой», – деп мақалаға түйін болар ойымды да өзі қорытындылап берді. Бөкең тақырыбын қойып берген сол мақалам сәті түсіп, дін тақырыбы бойынша облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығына ие болып еді.

Қазір «Орталықтың» оқырман қауымы мықты публицист, қаламы жүйрік журналист Болатбек Қауысовпен қайта қауышты. Ол кісі биылдан бастап облыстық басылымның Қарқаралы, Егіндібұлақ өңіріндегі өкілі. Шағын ғана ақпарат жазуының өзі бөлек. Мәселен, Қарқаралыда баспана берілгені туралы жаңалықта: «Сөйтіп, отыз алты отбасы он сегіз пәтерлі үр жаңа екі үйге қоныстанып, бір-ақ күнде көрші-қолаң болып шыға келді»,– деп жазады. Шағын ақпараттың шырайын келтіріп тұрған сөйлем, ә?! Осы секілді дүниелерді қаперімізге тоқып, тәжірибемізде ескеріп жүреміз.

Ағамның қаламды қаңтарып қойып, күздей көңілсіз боп жүрген шағы да болды. Бірақ ол журналистикадан көшкенмен, журналистика ол кісіден көшпепті. Қауысовтың қаламы әлі де қуатында екен. Газетке деген махаббатыңыз «Орталықтың» кермесіне қайта әкеліп ат байлатты. Олай болса, ойлы мақалаларыңызды оқырман ғана емес, әріптестеріңіз де асыға күтеді, аға!

Үшқарада ұшталған қалам

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Болатбек те бәріміз сияқты ауыл баласы. Ол да кешегі Тәттімбет пен Мәдилер шыққан киелі топырақта осыдан елу жыл бұрын дүние есігін ашқан. Бұрынғы Егіндібұлақ ауданының Арқалық кеңшарында Әшім мен Күлшаттың шаңырағындағы он баланың сегізіншісі боп өмірге келген оның балдәурен балалық шағы осы шаруашылықпен іргелес Айрық ауылында өткен.

Айрық орта мектебіндегі алғашқы ұстазы Орынтай Қыстаубаева бастаған мұғалімдерін әлі күнге жылы сөзімен, риза көңілімен еске алып отыратын Болатбек орта білімнің жартысын Балқаш қаласында алып, сондағы №2 Абай атындағы орта мектепті тәмамдады.

Талабы зор жастың жазу-сызуға қабілеті мен әдебиетке деген құштарлығы ауылдың бастауыш сыныбында оқып жүргенінде-ақ басталған екен. Балауса жазбалары «Балдырған» журналы мен «Қазақстан пионері» газетінде жарияланып тұрған. Балқашта бағына қарай Абай мектебі оқу ісінің меңгерушісі әрі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлшара Дәрібекова сынды ғажап адам, білімді ұстаз жолықты. Сол кісінің дайындауымен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткізілген үшінші, төртінші республикалық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындардан көрінген. Бозбала шағында жазған әңгімелері мен новеллалары облыстық «Қарағанды жастары» газетінде жарияланып тұрды. Бұл оның талабына қанат бітіріп, орта мектепті тәмамдаған 1991 жылы Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі.

Университет қабырғасында Зейнолла Қабдолов, Темірбек Қожакеев, Әбілфайыз Ыдырысов, Шәкір Ыбыраев, Намазалы Омашев сынды ғалымдардан, Үмбетбай Уайдин, Асқар Егеубаев, Бауыржан Жақып, Нұртөре Жүсіп сияқты қаламгерлерден дәріс алды. Бес жыл бірге оқыған курстастарының бәрі де бүгінде еліміздің түпкір-түпкіріндегі бұқаралық ақпарат құралдарында жемісті еңбек етіп жүр. Олардың арасында елге танымалдары, басшылық қызметте жүргендері де баршылық. Арада қанша жыл өтсе де олармен байланысы мен қарым-қатынасы үзілген емес.

Университеттегі бес жыл оқуы да зыр етіп өте шықты. Болатбек дипломдық жұмысын «Оралхан Бөкеев – публицист» тақырыбында сәтті қорғап, мемлекеттік емтихандардан да сүрінбей өтті. Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы әйгілі жазушы, жампоз журналист Шерхан Мұртазаның өзі болғаны сынақтардың оңайға соқпағанын аңғартса керек. Алайда, Болатбек бұл тұста журналистиканың қыр-сырын біршама меңгеріп, төселіп қалғандай еді. Жоғары курстарда оқи жүріп, республикалық «Халық кеңесі», «Сұхбат» газеттерінде тілші болып қызмет жасады.

ҚазМУ-ды бітірген 1996 жылдың жазында, өкінішке қарай, әкесі өмірден озды. Бір жағы, тоқсаныншы жылдардағы өліара шақтың қыспағымен жер-жерде жаппай қысқартулар жүріп жатқан. Қысқарту дегеніңіз ақпарат құралдарын да айналып өткен жоқ. Сондай себептермен Болатбек жылдан астам уақыт ауылдағы анасының жанында болды. Соның өзінде ақын Кәрім Сауғабаевқа ашық хаты, ауыл-аймақтың жай-күйін суреттеген әр жанрдағы мақалалары жарияланып жатты.

Суретте: *Болатбек Қауысов әріптестері Қайрат Әбілда және Дәулетқали Асауовпен бірге, «Орталық Қазақстан» газеті 2006 ж.*

Ал 1997 жылдың соңында өзіміздің облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясына тілші болып қабылданады. Соның алдында ғана басылымның бас редакторлығына бекітілген марқұм Мағауия Сембайдың басшы ретіндегі ең бірінші қол қойған құжаты Болатбек Қауысовты қызметке алу туралы бұйрық болып еді.

Редакция босағасын имене аттаған бұйығы мінезді жас маман салған беттен жұмысын дөңгелетіп әкетті. Берілген тапсырмаларды тиянақты орындап, қалам қарымын көрсете бастады. Алдыңғы толқын ағаларынан үйреніп, өзі де жазғандарына жауапкершілікпен қарап, әріптестерінің оң бағасын алып жүрді. Газеттің барлық бөлімдерінде жұмыс істеп, кез келген тақырыпта мақала, очерк, репортаж жазуда, публицистиканың басқа да жанрларында өнімді еңбек етті. Оның жазғандарын жұрт сүйсініп, тұшына оқитын. Ол әр жазған дүниесінде өзіндік стилін, ешкімге ұқсамайтын жазу өрнегін қалыптастыра білді. Өзіне жүктелген міндеттерді қамшы салдырмастан атқарды. Содан «Орталық Қазақстанда» қызмет атқарған он жылдан астам уақыт бойына журналистік кәсібіне адалдығы мен кішілік ізетінен, кісілік қасиетінен бір танбады.

Енді, міне, сол баяғы жас маман, газеттен кеткенмен, ақпарат саласындағы қызмет жолынан айнымаған баяғы біздің Болатбегіміз арамызға қайта оралып, ердің жасы елуге толып отыр. Бір қарағанда биязы, жаны нәзік, біртоға болып көрінгенімен, ол – болмысы бөлек азамат. Керек жерде өз ойын ашық айтып, пікірін табандап қорғай алатын азамат. Әділдікті сүйеді. Қазаққа аян Қаракесек Шаншар атаның ұрпағы болғасын ба екен, табан асты әзіл-қалжың мен шағып алар шымшымаға да шебер. Ең бастысы – адал, көңілі таза, кісілігі зор жігіт.

Жыл басынан бері «Орталық Қазақстанның» Қарқаралы ауданы бойынша меншікті тілшісі қызметіне кіріскен ол бұрынғы жазу шеберлігін жаңғыртып, аз уақыт ішінде өзекті мәселелер көтеріп, өндірте жазып жүр. Негізі Болатбек бауырымыз ердің жасына өмірдің сан сынағынан өтіп, шарболаттай шыңдалып, атына заты сай болып жетті. Сондықтан, қаламдас інімді мерейтойымен құттықтай отырып, «Осы бағытыңнан тайма!» дегеннен басқа тілек жоқ менде.

Қызғалдақтай құлпырып, жауқазындай жайнаған

Наурыз

Кеншілер астанасында кешегі күннен бастап, Ұлыс күніне орай безендірілген жеті автобус желіге шықты. №3 автопарк ұжымы қала тұрғындары мен қонақтарға келе жатқан шуақты мейрам қарсаңында осылайша мерекелік көңіл-күй сыйлауды құп көрген.

– Ауа райынан күлімкөз көктемнің келгені сезілмесе де, адам жаны жүрек жылуы мен сыртқы сұлулығын қалайды. Сондықтан, біз жолаушыларымызға мерекелік көңіл-күй сыйлау туралы шешім қабылдадық. Автобустарымызды қызыл қызғалдақтардың, киіз үйлердің, ұлттық киімдегі қыздардың бейнелерімен және дәстүрлі қазақ ою-өрнектерімен безендірдік. Өзіміз жарқын әрі көктемгі қуанышқа бөленіп отырмыз, – дейді автопаркте.

Шынында, қоғамдық көліктердегі көздің жауын алатын қарды жарып шыққан қып-қызыл қызғалдақтар бейнесі көктемнің жақындағанын аңғартады. Қара жерді жапқан ақ ұлпаның санаулы күні қалды. Безендірілген көліктерден осыны ұқтық. Жанымыз жадырады.

Мерекелік автобустар жолаушыларды №№1, 5, 43, 45, 118э, 122 және 146 қалаішілік және қала маңындағы бағыттар бойынша тасымалдайтынын айта кеткен жөн.

Өз тілшімізден

Қош, азамат!

2011 жылы Қасымның 100 жылдық тойы болып жатты. Тойға ат арытып, Алматыдан бір топ ақын-жазушы келіп жатыр.

Арасында алматылық қаламгер Жұмабай Шаштай бар. Түнімен ұйқтамай, шаршаңқырап келгені көрініп тұр...

– Осы Қасым қандай ақын? – деді, біздің елдің бір жігіті, қонақ үйдегі бөлмесіне жаңа кіре берген қонаққа, тыныш тұрмай.

– Классик қой! – деді Жұмекең бас бармағын көрсетіп.

– Ал, Мұқағали ше?! – деді біздің қу, «Жетісудың жігіті не айтар екен?» дегендей сыр бағып. – О да классик, – деді Жұмекең.

Біздің керауыз:

– Бірақ, оны Қасымның алдына шығарып жүр ғой?! – деп қояр емес.

– Ол Қасымның баласы ғой! Баланы әкенің алдына шығаратын қай көргенсіз?! Әдебиетте біреудің орнына біреу отыра алмайды, ол сіздің үйдің төрі емес! Әркімнің өз орыны бар! – деп, Жұмекеңнің екі көзі алайып кетті. Содан тоқтамай, Қасымды жатқа соқсын...

Оның Қасымға деген махаббаты неге елден ерек деп жүрсем, сол сауалдың жауабын Мейірхан Ақдәулеттің «Желтоқсан-86» кезінде жазған бір жазбасынан тауып алдым: «Алаңға қаптап келіп жатқан жастарды көріп, көзіміз бұлдырап, көңіліміз әлем-жәлем болған», – деп жазады Мейірхан.

– Әй, рух тірі екен ғой! Тірі екенбіз ғой!.. – деп еді Жұмабай-дос (Шаштайұлы) түрі бұзылып, ерні дірілдеп тұрып...

Мұндай оғландарда «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген күйкі ойлар, мүлде, болмайды, әрине...

Қош, Аяулы Азамат!

Сенің атыңды Бас Әріппен жазуға болады, ешкімнен ұялмай!

Алдың бейіш, артың кеніш болғай!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

● ТІЛ – ТҰҒЫР

Үш тілге үйретеді

Теміртау қаласының тілдерді дамыту орталығында жаңа жылдан бастап, үш айлық тіл үйрету курстары ашылған еді. Бұл курстарда 18 жасқа толған қала тұрғындары қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренеді. Тіл оқыту курстары жылына үш рет өтетін болады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қалалық тілдерді дамыту орталығының басшысы Меруерт Ахметжанованың айтуынша, алғашқы курсқа қабылданғандар оқуларын осы сәуір айында аяқтамақ. Енді, келесі курсқа жазылу жүріп жатыр. Ал, оқытушылар жазда демалыста болады да, қыркүйек айында курстық оқыту қайта жалғасады.

Курс тыңдаушыларына білікті тіл мамандары сабақ беріп, олар түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды орындап, үш тілде өлең оқып, ән салады.

Теміртау қалалық мәслихатының депутаты Нұрхан Нұрмахан бұл тұрғыда былай дейді: «Теміртауда бірнеше этнос өкілдері тұрады. Біз тіл білу қаланың әр тұрғынының міндеті деп білеміз. Әсіресе, қазір қазақ тілін үйренуге құмартушылар қатары көбейіп келе жатқаны қуантады».

Осы үш айлық тіл үйрену курсын оқып, бітіргендер өз білім деңгейлерін одан әрі көтере алады. Аталған орталықта оған барлық жағдай жасалған және оқыту да тегін.

ТЕМІРТАУ

● ФЕСТИВАЛЬ

Жастарды жігерлендірген жиын

Қарағандылықтар «Сириус» федералды аумағында (Сочи, Ресей) өткен Бүкіләлемдік жастар фестиваліне қатысты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальге әлемнің 191 елінің ғылым, бизнес, медиа, халықаралық ынтымақтастық, мәдениет, еріктілер, қайырымдылық, спорт саласынан 20 мыңнан астам адам жиналды. Делегация құрамындағы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Жастар саясаты департаменті шығармашылық даму орталығының басшысы Ілияс Смайылов түрлі шеберлік сабақтарына қатысып, дәрістер тыңдапты.

– Студенттік кезден белсенді қоғамдық қызмет атқарамын. Фестиваль ұнады, қызықты дәрістер, атақты адамдармен кездесулер болды. Қоғамның өткір тақырыптары көтерілді. Фестиваль қатысушылары үшін форумның барлық күндері ғылым мен білімге, технологиялар мен инновацияларға, мәдениет пен өнерге, гуманитарлық ғылымдар мен әлеуметтік салаға, спорт пен экологияға арналған түрлі шеберлік сыныптары, панельдік сессиялар, пікірталастар ұйымдастырылды, – деді Ілияс Смайылов.

Сондай-ақ, қарағандылықтар қатарында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің физика-техникалық факультетінің командасынан – докторант Перизат Жаңбырбаева, магистранттар Досмұхаммед Әбеуов, Шыңғыс Қабылғани және студенттер – Серік Төлеуов, Нұрдана Әбішева, Алмат Мұхамедрахым барды.

– Дүниежүзілік жастар фестивалінің бағдарламасы бірлік, теңдік, әділдік, өзара көмек, топтық жұмыс және мейірімділік құндылықтарына негізделген. Әр күні «Көпұлтты бірлік», «Әркімге арналған мүмкіндіктер әлемі» секілді тақырыптарға арналған сабақтарға қатыстық, – деді Перизат Жаңбырбаева.

Жастар фестивальде әртүрлі елдерден келген ғылым саласы мамандарының оқыту әдістемесі, ғылыми жұмыстарымен және физика және нанотехнология кафедраларының жабдықтарымен танысқан. 800-ден астам іс-шараны тамашалап, пікір алмасқан.

● АУДИТ

Қаржы бақылауды талап етеді

2023 жылы Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті 140 аудиторлық іс-шара жүргізіп, 53 817,9 млн. теңге қамтыды. Оның ішінде, 25 аудиторлық іс департаменттің бекітілген мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес жүргізілді, 115 аудиторлық іс жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, жоғары тұрған органның нұсқауы, талаптары негізінде жоспардан тыс тексеру ретінде жүргізілді.

Сурет ашық дерекқорынан

Анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 26 304,1 млн. теңге. Оның ішінде, қаржылық бұзушылықтар 4 331,1 млн. теңге. Бұл соманың 440,7 млн. теңгесі бюджетке өтеуге, 3890,4 млн. теңге жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету және тауарларды жеткізу және есепке алу түріндегі қалпына келтіруге жатады. Процессуалдық сипаттағы бұзушылықтар – 21 973,0 млн. теңге көлемінде анықталды. Оның ішінде, ағымдағы шығыстар бойынша бұзушылықтар 8 046,1 млн. теңгені құрады.

Есепті кезеңде жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша 4 096,2 млн. теңге бюджетке өтеліп, қалпына келтірілді. Бұл – анықталған қаржылық бұзушылықтардың 94,6%-ы. Оның ішінде бюджетке 243,9 млн. теңге өтелді.

Орындалған жұмыс көлемін асыра бағалау, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу, еңбекақы төлеу мен іссапар шығындарын, бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізу қағидаларын бұзу – басты кемшіліктер. Ал, бұған тексерілетін объектінің лауазымды тұлғалары тарапынан тиісті бақылаудың болмауы, кейбір жағдайларда бухгалтерлердің біліктілік деңгейінің төмендігі, заңнамалық нормаларды дұрыс қолданбауы, мердігерлердің құрылыс нормаларын сақтамауы, тиісті талаптардың болмауы, тапсырыс берушінің мердігердің жұмысын бақылау және шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамау себеп. Мысалға, Қарағанды қаласының құрылыс бөлімінде 2022 жылдың желтоқсан айына тәуекелдік төлемдер тізбесіне енгізілген мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша орындалған жұмыстарға ақы төлеудің негізділігі мәселесі бойынша жүргізілген сәйкестік аудитінің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 1 033,6 млн. теңге қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Тапсырыс беруші бұрын төленген 385,7 млн. теңге сомасындағы авансты шегермей, мердігердің жұмысының аяқталғаны туралы ұсынылған анықтамаларға сәйкес төлем жүргізді. Сметалық құжаттамаға сәйкес орындалған жұмыс көлемі көрсетілмеген 3 мердігер орындалған жұмыстардың актісін ұсынса, тапсырыс беруші 3 құрылыс нысаны бойынша жалпы сомасы 647,9 млн. теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың актілерін ақы төлеуге қабылдап, негізсіз төлем жасаған. Қабылданған шаралар арқылы бұзушылықтар жойылды. Қарағанды қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасында қызметкерлерге еңбекақы және басқа да ақшалай төлемдерді есептеу мен төлеудің негізділігіне сәйкестік аудиті жүргізіліп, мекеменің 24 қызметкеріне жалпы сомасы 7,0 млн. теңге еңбекақы төлеуде есептелген сомадан артық аударылғаны анықталды, оның ішінде есепші міндетін атқаратын бас маманның жалақысы негізсіз аударылғаны анықталды. Сонымен қатар, жалпы сомасы 1,1 млн. теңгені құрайтын процессуалдық бұзушылықтар анықталды. Негізсіз аударылған еңбекақы бюджет кірісіне қайтарылды. Нұра ауданының экономика және қаржы бөлімінде әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға бюджеттік кредиттерді беру, пайдалану шарттары мен тәртібінің сақталуы мәселесі бойынша жүргізілген сәйкестік аудитінің қорытындысы бойынша 21,2 млн. теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды. 6 маман әлеуметтік қолдау алу кезінде өз міндеттерін орындамаған, денсаулық сақтау, білім беру және спорт ұйымдарында 3 жылдан кем жұмыс істеген, 15 жыл мерзімге тұрғын үй сатып алуға алынған бюджеттік кредит мемлекеттік бюджетке қайтарылмады. Сонымен бірге жалпы сомасы 284 635,0 мың теңгені құрайтын процессуалдық бұзушылықтар анықталды.

Камералдық бақылау қорытындылары

Былтырғы жылы 722,42 млрд. теңгені құрайтын 31 383 мемлекеттік сатып алу лоты бақылауға алынса, іс жүзінде 692,77 млрд. теңгеге 30 822 лот бақылауға алынды. 3586 лот бойынша (11,6%) 77,5 млрд. теңгеге бұзушылықтар анықталды. Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 462-бабының 3-бөлігінде көзделген хабарламаларды уақытылы орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін лауазымды тұлғаларға 126 хаттама жасалып, материалдар сотқа жолданды. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу саласында заң бұзушылыққа жол берген 54 лауазымды тұлға ӘҚБтК-нің 207-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қабылданған шаралар нақты

2023 жылы аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша 106 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. 51 лауазымды тұлғаға 7,8 млн. теңге айыппұл салынып, оның 7,7 млн. теңгесі бюджетке төленді.

Процессуалдық шешім қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жалпы сомасы 98,5 млн. теңге болатын 8 іс жолданды, оның жетеуі бойынша қылмыстық іс қозғалды. 3 материал бойынша жалпы сомасы 11,4 млн. теңгеге оңалтуға жатпайтын негіздер бойынша тергеу тоқтатылды, 58,3 млн. теңге болатын екі іс қаралуда.

Қоғамдық ұйымдармен жұмыс жүйелі

Облыс бойынша ақпараттық-есептік орталықтың ақпаратына сәйкес, 294 қоғамдық мүдделі ұйым ішінен 52-сі депозитарийге 2022 жылға жылдық қаржылық есептілікті, 8 ЖИК аудиторлық есепті ұсынбаған. 52 ӨБК-нің 30-ы ҚР ӘҚБтК-нің 239-бабы бойынша 10,5 млн. теңгеге әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға байланысты 10 ӨБК әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған. Қалған 12 FIR бойынша материалдар мәжбүрлеп қамауға алу үшін облыстық полиция департаментіне жіберілді.

8 БПҰ-ның біреуі ҚР ӘҚБтК-нің 250-бабы бойынша 34,0 мың теңгеге әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 3-ші ЖПБ-ға хаттама жасалмады, міндетті тексеруге байланысты, 4-ші ЖПБ материалдары облыстық полиция басқармасына жолданды.

Қоғаммен байланыс маңызды

2023 жылы департаментке 1 746 өтініш түсті. Оның ішінде, 664 – арыз, 200 – шағым, 823 – хабарлама, 58 – өтініш және бір ұсыныс толық қаралды. 297 өтініш бойынша оңтайлы әкімшілік акт, ауыртпалық түсіретін әкімшілік акт қабылданды. 228 өтініш, 143 өтініш басқа органдарға жіберілді, қалған өтініштерге тиісті түсініктемелер берілді.

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

Көкпар тартып, балуаны белдесіп...

Наурыз

Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы қалалық әкімдікпен бірлесіп Наурыз мейрамын мерекелеудің қызықты бағдарламасын дайындауда. Жалпы, облыс қалалары мен аудандарында 11-23 наурыз аралығында 15 000-нан астам адамды қамтитын 89 спорттық-бұқаралық іс-шара өткізу жоспарланған.

Мереке аясында 20 наурыз күні сағат 10.00-де жеңіл атлетика манежінде алты ұлттық спорт түрінен мемлекеттік қызметшілер арасында турнир өтеді. Сол күні Үштөбе ауылында (елді мекенге жетпей оңға бұрылу) жүлде қоры 1 500 000 теңгені құрайтын «Жаппай көкпардан» ашық облыстық турнир өткізілмек.

Ал, 22 наурыз күні сағат 12.30-да «Шахтер» стадионында, «Жастар» спорт кешенінде Наурыз мейрамына арналған спорттық мереке өтеді. Қазақ күресінен екі салмақ дәрежесі (80 келіге дейін және 80 келіден жоғары) бойынша жарыстың жүлде қоры – 1 млн. теңге. Сондай-ақ, тоғызқұмалақ, асық ату, гір тасын көтеру, қол күрес, арқан тарту, қошқар көтеру және басқа да түрлерінен жарыстар ұйымдастырылмақ. Спортшылардың көрнекілік өнер көрсетулері және «тазы» тұқымды иттер және аңшы құстармен суретке түсуге арналған фотоаймақ қойылады.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мамандарының айтуынша, ойын түрлері өскелең ұрпақты ұлттық салт-дәстүрден хабардар ету мақсатында таңдалған екен.

Қазақ халқының ұмыт қалған ұлттық ойындарын қайта жаңғырту арқылы қазіргі заман талабына қарай оқушылардың қимыл-қозғалыс дағдыларын және ұлттық сезімін ояту көзделген. Ойындар жасөспірімдерді ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, достыққа баулиды.

● КӨРМЕ

Көрмедегі ана бейнесі

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану мұражайында «Дала Ана» философиялық экспозициясы ашылды. Көрме барлық жастағы көрермендерге арналған.

Нақтырақ айтсақ, мұражай қызметкерлері белгілі бір тұлғалар мен олардың өмірбаянына тоқталмай, қазақтың қасиетті кең даласымен байланысты әйел бейнесін жасауға тырысқан.

– Біздің әрқайсымыздың ішімізде дала әйелі бар. Ол өзінің әдемі де әрлі жүзін жаппайды. Басқалардың көзінен жасырынбайды. Өйткені, ол мейірімді, көпшіл әрі қонақжай. Дала әйелі айтыстар мен жарыстарға қатысады. Қажет болса, жақындарын қорғауға да келеді. Ол күйеуіне адал кеңесші, шаруашылықтың басым бөлігін нәзік иығына жүктеп, туыстарын үнемі қолдайды. Ата-бабаларының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтаушы һәм жеткізуші, – деп түсіндіреді мұражай қызметкерлері.

Дала әйелінің бейнесін иен кеңістікте қалықтаған ақ орамалдар сомдайды. Олардың ақтығы – ой тазалығы, адалдық, пәктік. Бұл ана сүтінің түсі – адамзат өмірінің негізі.

Экспозицияда ежелгі қазақ петроглифтерімен безендірілген этнографиялық жәдігерлер жинағы арқылы XIX-XX ғасырдың басындағы дала әйелдерінің тұрмысы көрсетілген. Экспонаттар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кино және фотоқұжаттар мұрағатының қорларынан алынған бірегей фотосуреттермен толықтырылыпты.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің: «Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен бүкіл әлемді тербетеді» деген аталы сөзі көрменің болмысын ашып тұр.

Көрмеге келушілер дала тұрғындарының рөлі мен мәртебесі және олардың соңғы бірнеше ғасырларда қалай өзгергені туралы ойлана отырып, көптеген тың ақпарат алады.

Көрме наурыз айының соңына дейін жалғасады.

Өз тілшімізден



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

● СУ ПОЛОСЫ

Үштің өзі күш

Су спорты түрлерінен өткен Азия чемпионатында Қазақстан жастар құрамасы су полосынан қола медаль жеңіп алды. Команда құрамында Қарағанды облысының кешенді спорт мектебінің екі тәрбиеленушісі ел намысын қорғады.

Үшінші орын үшін болған тартысты матчта қазақстандықтар Қытай командасын 7:4 есебімен ойсырата жеңді. Жерлестеріміз Тамир Грибов пен Владимир Юртаев та жеңіске өз үлесін қосты. Сегіз жыл бойы су полосымен айналысатын жігіттер жақын арада «Спорт шебері» атағын алмақ.

Владимир Пришахтинскідегі №33 мектептің 11 сыныбында оқиды. Ал, Тамир Алматыда спорт интернатында шеберлігін шыңдап жүр.

Жаттықтырушылары – Дмитрий Селиверстов, Сергей Голегузов және Виктор Половников.

● АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Шавкат шақ келтірмейді

Аралас жекпе-жек әлеміндегі танымал комментатор Давид Кучашвили Шавкат Рахмонов (18-0) пен Джек Делла Маддалена (17-2) арасындағы өтуі мүмкін жекпе-жекте кім фаворит болатыны туралы пікірімен бөліскен.

– Шавкат Джефф Нил сынды мықты нокаутшыны сенімді түрде жеңгенін білеміз. Сондықтан, Маддаленаға да бұл шайқас қиынға түскелі тұр. Өйткені, ел асыға күтіп отырған бұл жекпе-жекте Шавкаттың қарсылас шақ келтірмейтіні сөзсіз. Алдымен, басымдық күрес шеберлігіне байланысты екенін білген жөн, – дейді комментатор.

Джек Делла Маддалена Майамиде (АҚШ) өткен UFC 299 турнирінде бразилиялық Гилберт Бернсті (22-7) нокаутпен жеңген соң Ш.Рахмоновқа ұсыныс тастаған.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Жақсылық жасасаң – өзіңе...

Қасиетті Рамазан айы қарсаңында Қарағанды облысы бойынша Зекет және қайырымдылық қоры «Достық» білім беру орталығы бірлесе отырып, қайырымдылық іске мұрындық болды. 40 отбасыға азықтүлік таратты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, азықтүлік жиынтығын кей азаматтар мешітке келіп алса, жалғызбасты, көпбалалы аналарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы апарып табысталды.

– Қайырымдылық – қайырлы іс деген. Садақа апаттан, тозақтан сақтайды. Алиден (р.а) риуаят бойынша былай дейді, Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Садақа беруге асығыңдар, өйткені апат садақадан оза алмайды». Сондықтан, қайырымдылықпен айналысу, жақсылық жасау мұқтаж адамнан бөлек, оны жасаушы адам үшін де аса маңызды, – деді «Зекет және қайырымдылық» қорының жауапты өкілі Асылхан Рахымжанұлы.

Бұл ретте «Достық» білім беру орталығы арнайы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырғанын айта кету керек. Жәрмеңкеден түскен қаражатқа азықтүлік алынды.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» деген қазақ даналығы. Жасаған жақсылық та, жаман іс те соны жасаушы адамға қайтып келетін өмір заңы бар екенін ұмытпайық. Мал-мүлік адамға сақтау үшін емес, жұмсау үшін берілген. Мұқтаждықтан артығы қайырымдылыққа жұмсалуы тиіс. Хазреті Әбу Умама (р.а.) пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) былай риуаят етеді: «Әй, адам баласы, жаныңдағы артық болғанын жұмса. Бұл – сен үшін қайырлы. Ол заттарды сақтап қоюың өзің үшін зиян. Өте зәру болса, дүние жинауыңда айып жоқ. Бергенде отбасыңа жақын жандардан баста. Үстіңгі қол астыңғы қолдан, яғни, берген қол алған қолдан қайырлы».

Өз тілшімізден

● БІР ТУЫНДЫНЫҢ ТАРИХЫ

Жүрекпен тіл қатқан көркем әлем

Облыстық бейнелеу өнері музейінде өнер тілін түсінер талғамы биік жұртқа есімі белгілі қылқалам шеберлерінің тырнақалды туындылары сақталған. Солардың бірі һәм бірегейі – Өміркелді Әбеуов. Назарларыңызға Өміркелді Әбеуовтің туындыларын ұсынамыз.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өміркелді Әбеуов 1948 жылы Бұрынғы Жезқазған (қазіргі Қарағанды) облысына қарасты Қоңырат ауылында дүниеге келген. Алматы көркемсурет училищесін тәмамдаған. Көп жылдан бері Балқаш қаласында еңбек етуде. Осы қаладағы тарихи-өлкетану музейінде қолөнер студиясында балаларды өнерге баулып жүр. Суретші, гобеленші, ағаш шебері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Балқаш қаласының Құрметті азаматы.

Суретшінің «Қоңырат туралы ән», «Таң», «Жаңа дәуір», «Бейбітшілік келешек үшін», «Ертең жұма», «Дала туралы баллада», «Металлургтер», «Молшылық», «Уақыт – өмір айнасы», «Ұядан ұшқанда» және тағы басқа да туындылары туған жеріне деген ыстық сезімді жеткізеді.

Суретші-безендіруші ретінде Өміркелді ақсақал Қазақстан бейнелеу өнерінде өз қолтаңбасын қалдырып, әлі де үзбей еңбек етіп келеді. Қала тұрғындары бүгінгі күні музейде өткізіліп отырған шебердің жеке көрмесімен өнер жолы және туындыларымен танысады. Тумысынан мінезі жұмсақ, қарапайым, еңбекқор Өміркелді Мұхтарұлының шығармашылығынан суреттшінің отаншыл, өресі биік, арқалы талант, парасат иесі екенін танисыз.

Ол халықтың бар салт-дәстүрін, тарихын көрсететін ою-өрнекке көп мән береді, терең үңіледі. Суретші қызыл және сары түске басымдық береді. Себебі, қазақ халқы үшін бұл түстер сонау ата-бабадан келе жатқан қастерлі түстер.

Гобелен кілемі – сәндік бұйым. Оны қазіргі кезде тәжірибелі суретшілер қолға алып, жаңа өрнекпен тоқуда. Гобелен кілемінде белгілі бір тақырып бойынша қайталанбас суреттер көрініс береді. Суретші туындыларының басты тақырыбы – уақыт, ғарыштық кеңістік. Суретші өз шығармаларындағы образды мыңдаған жылдар бойы дәстүрлі өнер нәтижесінде туындаған барлық халыққа түсінікті символдар арқылы шешеді. Өміркелді Әбеуов шеңберді өміртанымның динамикалық бастамасы, мәңгіліктің символы ретінде қолданады. Осынау көпмағыналы символ әртүрлі композицияда әр қырынан танылады. Суретші үшін уақыт – абстракциялық ұғым емес. Әрбір кезеңнің өзіндік әлеуметтік мазмұны, өзіне тән ағым ырғағы болады. Сондықтан, оның жұмыстары белгілі бір тарихи оқиғаға арналған.

Суреттер облыстық бейнелеу өнері мұражайынан



«Азанда»

«Толғау»

● БОКС

Турнир жалауы желбіреді

Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің бокс залында 2008-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасында бокстан Ш.Ихсановты еске алуға арналған республикалық турнир жалауын желбіретті.

Жарысқа Астана және Алматы қалалары мен Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Ұлытау, Жетісу және Қарағанды облыстарының құрама командаларының 275 өкілі қатысуда.

Қазір тартысты кездесулер өтіп жатыр. Аймақ намысын былғары қолғап шеберлері лайықты қорғауда. Қорытынды жекпе-жектер 16 наурыз күні сағат 12:00-де басталады.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер ашық дереккөзден

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 485

№ 30 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**